



Маманға арналған орнату және қызмет көрсету нұсқаулығы **Logano G234WS**

38 кВт, 44 кВт, 50 кВт және 55 кВт

Орнату және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын
өткізу алдында мұқият оқып шығыңыз.

Buderus

Тізбе


1	Символдардың мағынасы және қауіпсіздік техникасының ережелері	4
1.1	Белгі түсініктемесі	4
1.2	Қауіпсіздік нұсқаулары	4
2	Құрылғы туралы мәліметтер	5
2.1	Берілген нұсқаулық туралы	5
2.2	Мақсаты бойынша пайдалану	5
2.3	ЕАС сәйкестілік бойынша мәлімдемесі	5
2.4	Шолу	6
2.5	Жеткізу жиынтығы	6
2.6	Өнімнің сипаттамасы	6
2.7	Зауыт тақтайшасы	6
2.8	Өлшемдері және қосылымдары	7
2.9	Техникалық деректер	7
2.10	Қазанды пайдалану шарттары	9
2.10.1	Электр тогымен қамтамасыз ету шарттары	9
2.10.2	Қондырғы орналасқан бөлме жағдайлары	10
2.10.3	Кіріс және шығыс ауа жолдарына қойылатын талаптар	10
2.10.4	Н жанғыш заттары мен Н табиғи газын қолдану шарттары (физикалық талаптар)	11
2.10.5	Жанғыш заттар мен Н табиғи газын пайдалану шарттары (химиялық талаптар)	11
2.10.6	Жанармай - сұйылтылған газ Бутан/пропан қоспасын пайдалану шарттары	11
2.10.7	Жанармай - сұйылтылған газ пропан пайдалану шарттары	11
2.10.8	Гидравлика мен су сапасына қойылатын талаптар	12
2.10.9	Пайдалану шарттары	12
2.10.10	Газ санатына қойылатын талаптар (әр елге тән)	12
3	Ережелер	13
3.1	Стандарттар мен директивалар	13
3.2	Рұқсат және мәлімет алу міндеттемесі	13
3.3	Орнату орны	13
3.4	Пайдаланылған газ қосылымы	13
3.5	Тексеру/қызмет көрсету	13
3.6	Құралдар, материал мен қосымша заттар	13
3.7	Нұсқаулар кепілдігі	13
4	Қазанды тасымалдау	14
4.1	Жеткізілетін көлем	14
4.2	Көтеру және тасымалдау	14
5	Орнату	15
5.1	Қолдану мысалдары	15
5.2	Қабырғамен арадағы ұсынбалы арақашықтық	16
5.3	Қорекпен қосылымды орнату	16
5.3.1	Газды қосуды жүзеге асыру	16
5.3.2	Жылудың алдыңғы және артқы жолдарын орнату	17
5.3.3	Жылы суды сақтағыштың алдыңғы және артқы жол қосылуы	17
5.4	Пайдаланылған газ байланысы мен пайдаланылған газ бақылауға арналған нұсқаулар	18
5.4.1	Пайдаланылған газды бақылау (қосымша бөлшек)	18
5.4.2	Пайдаланылған газ құрылғысы құрылым түрі Вхх	18
5.5	Жылыту құрылғысын толтыру және тығыздығын тексеру	19
5.6	Электрлік байланысты орнату	19
5.6.1	Қазанның алдыңғы бөлігін ажырату	20
5.6.2	Қазанның артқы қақпағын алу	20
5.6.3	Logamatic 2000 реттегіш құрылғысын орнату	20
5.6.4	Logamatic 4000 реттегіш құрылғысын орнату	20
5.6.5	Температура сезінгіш бумасын орнату	21
5.6.6	Басқа да электр қосылым желілерін жалғау	21
5.6.7	Logamatic 2000 орнатуға арналған нұсқау	22
5.6.8	Logamatic 4000 орнатуға арналған нұсқау	22
5.6.9	Сыртқы құрамдастарды жалғау	23
5.6.10	Желілік байланысты орнату	23
5.6.11	Қазандағы температураны реттегішті алмастыру	23
5.6.12	Үстінен жабатын және қазанның артқы жабуын орнату	23
6	Қолданысқа енгізу	24
6.1	Газ көрсеткіштерін жазып алу	24
6.2	Жылыту құрылғысын толтыру және ауадан босату	24
6.3	Тексеру және өлшеу	25
6.3.1	Газ тығыздығын тексеру	25
6.3.2	Газ құбырын ауадан босату	25
6.3.3	Ауа ағынын қосып, байланыс қондырғыларын бақылаңыз	26
6.3.4	Құрылғы жабдықтарын тексеру	26
6.3.5	Оттықтарды қосу	27
6.3.6	Газ қосымша қысымын тексеру	27
6.3.7	Пайдалану кезінде тығыздықты тексеру жұмыстарын жүргізу	28
6.3.8	Өлшеу көрсеткіштерін қабылдау	28
6.3.9	Ағын қысымы	28
6.3.10	Пайдаланылған газ шығыны	29
6.3.11	СО үлесі	29
6.3.12	Өлшеу жұмыстарын аяқтау	29
6.4	Қызмет тексерістері	29
6.4.1	Қорғаныс температура шектегіш құралын (STB) тексеру	29
6.4.2	Иондану ағынын өлшеу	29
6.4.3	AW 50 пайдаланылған газды бақылау жүйесін тексеру	30
6.4.4	AW 10 пайдаланылған газды бақылау жүйесін тексеру	30
6.4.5	Пайдаланылған газдың ағынын бөгеу клапаны (қосымша жабдық)	30
6.5	Ақырғы жұмыстар	30
6.6	Кәсіпкерді хабардар етіңіз және техникалық құжаттарды тапсырыңыз	30
6.7	Іске қосу хаттамасы	31

7	Жылыту қондырғысын ажырату	32
7.1	Жылыту қондырғысын реттегіш қондырғы арқылы ажыратыңыз	32
7.2	Жылыту қондырғысын ұзақ уақытқа өшіру	32
7.3	Қажетті жағдайда жылыту қондырғысын өшіру	32
8	Қоршаған ортаны қорғау/Пайдаға жарату	33
9	Тексеру және техникалық қызмет	33
9.1	Жылыту құрылғысын тексеруден өткізу	33
9.1.1	Жылыту құрылғысын тексеруге дайындау	33
9.1.2	Тот басудың жалпы белгілерін қарап шығу	33
9.1.3	Газ арматурасының ішкі тығыздығын тексеру	34
9.1.4	Газ құбыры мен жылытқыш ауасын және желдеткіш саңылауларын тексеру	34
9.1.5	Жылыту құрылғысының ауа қысымын тексеру	34
9.1.6	Форсункалар қысымын өлшеу	34
9.2	Қажетті қызмет көрсету	36
9.2.1	Қазанды тазарту	36
9.2.2	Қазанды дымқыл шүберекпен тазарту	37
9.2.3	Оттықты тазарту	37
9.2.4	Пайдалану кезінде тығыздықты тексеру жұмыстарын жүргізу	38
9.2.5	Өлшеу көрсеткіштерін қабылдау	38
9.2.6	Қызмет көрсетуді тексеру	38
9.2.7	Қызмет көрсетуден кейін	38
9.3	Тексеру және қызмет көрсету хаттамасы	39
10	Қазанды газдың басқа түріне алмастыру	41
10.1	Басқа газ түріне қою	41
10.1.1	Басқа газ түріне өту	41
10.1.2	Бастапқы жүктемеге қою	41
10.1.3	Қайтадан іске қосу	43
11	Оттықтардың ақаулықтарын жою	44
12	Ақауды жою	45
	Индекс	47

1 Символдардың мағынасы және қауіпсіздік техникасының ережелері

1.1 Белгі түсініктемесі


Ескертулік нұсқаулар



Келесі сигнал сөздер анықталған және осы құжатта қолданылады:

- **ҰСЫНЫС** материалдық шығын орын алуы мүмкін екенін білдіреді.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ** жеңіл және орташа дәрежелі жарақаттар алу ықтималдығын білдіреді.
- **ЕСКЕРТУ** ауыр дәрежедегі немесе өмірге қауіпті зиян келуі мүмкін екендігін білдіреді.
- **ҚАУІП** ауыр дәрежедегі немесе өмірге қауіпті зиян келетіндігін білдіреді.

Маңызды ақпарат



Басқа белгілер

Белгі	Мағынасы
▶	Әрекет қадамы
→	Құжаттың басқа бөліміне көлденең сілтеме
•	Тізбе/тізім жазбасы
—	Тізбе/тізім жазбасы (2. Деңгей)

Кесте 1

1.2 Қауіпсіздік нұсқаулары

Қауіпсіздікке қатысты жалпы нұсқаулар

Қауіпсіздік техникасын қадағаламау өлімге дейін әкелетін ауыр жарақаттар алуға, сондай-ақ, материалдық зияндарға және қоршаған ортаға зиян келтіруге әкелуі мүмкін.

- ▶ Жылыту қондырғысын іске қосардың алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- ▶ Пайдаланылған газ үшін орнату және қосу жұмыстарымен, сондай-ақ, пайдалануға берумен уәкілетті жылумен қамтамасыз ету кәсіпорны айналысатынына көз жеткізіңіз.
- ▶ Техникалық қызмет көрсетумен және ақаусыз күйінде ұстаумен уәкілетті жылумен қамтамасыз ету кәсіпорны айналысатынына көз жеткізіңіз.
- ▶ Тазалау жұмысын пайдалану жиілігіне орай өткізу қажет. Қызмет көрсету және тазалау жұмыстарын жүргізу аралығын 9 бөліміне, 33-беттен қараңыз.
- ▶ Анықталған ақауларды дереу жойыңыз.
- ▶ Техникалық қызмет көрсету жылына 2 рет өткізіледі. Ол кезде жылыту қондырғысының барлық бөлшектерінің мүлтіксіз жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
- ▶ Анықталған ақауларды дереу жойыңыз.

Газдың иісі шыққан кездегі жарылыс қаупі

- ▶ Негізгі бекіту кранын немесе газ кранын жабыңыз.
- ▶ Терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- ▶ Электр қосқыштарды қолданбаңыз.
- ▶ Штекерді тартпаңыз.
- ▶ Телефон соғуға немесе қоңырау соғуға болмайды.
- ▶ Ашық жалынды сөндіріңіз.
- ▶ Темекі шекпеңіз.
- ▶ Темекі тұтатқышты қолданбаңыз.
- ▶ Газдың шыққан дыбысы естілген жағдайда ғимараттан дереу шығыңыз.
- ▶ **Сырттан** үй тұрғындарын ескертіңіз, бірақ қоңырау шалмаңыз.
- ▶ Газбен қамтамасыз ету кәсіпорнына және мамандандырылған кәсіпорынға қоңырау шалыңыз.
- ▶ Бөгде адамдарды кіргізуге болмайды.
- ▶ Полиция және өрт сөндіру қызметіне ғимараттан тыс жерде хабар беру керек.

Газдың иісі шыққан кездегі жарылыс қаупі

- ▶ Жылыту қондырғысын сөндіріңіз (→ 7 тарауы, 32-бет).
- ▶ Терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- ▶ Тіркелген маманға хабарлаңыз.

Улану қаупі. Таза ауаның жеткіліксіздігі қауіпті газ ағынының жиылуына әкелуі мүмкін

- ▶ Ауа келетін және шығатын тесіктердің кішірейіп немесе жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Ақау дереу жойылмаған жағдайда:

- ▶ Қазанды сөндіріңіз.
- ▶ Эксплуатациялаушы компанияға ақаулар мен қауіптерді жазбаша түрде көрсетіңіз.

Жанғыш газдардың жарылу қаупі

- ▶ Қондырғының газ жеткізгіш бөліктерін тексеруді тек өкілетті қызмет көрсету мекемесінің мамандары ғана жүргізуі тиіс.

Ашық қазандағы электрлік токтың соғу қаупі

Қазанды ашпастан бұрын:

- ▶ Жылыту қондырғысын қосқыштың көмегімен токсыз қосу және/немесе жылыту қондырғысын тиісті құрал көмегімен электр желісінен ажырату керек. Реттегіш құралды ғана ажырату жеткіліксіз.
- ▶ Жылыту қондырғысын байқаусызда қайта қосылуына жол бермеіз.

Жарылғыш және жеңіл тұтанғыш материалдардан туындайтын қауіп

- ▶ Жеңіл тұтанғыш материалдарды қазанның жанында пайдалануға немесе сақтауға болмайды (мысалы, қағаз, ерітінділер, бояулар).

Ерекше жағдайларда өз қауіпсіздігін сақтамаудан туындайтын қауіп

Мысалы, өрт кезінде:

- ▶ Ешқашан өзіңіздің өміріңізге қауіпті төндірмеңіз. Өз қауіпсіздігіңіз басты назарда болуы керек.

Күйіп қалу қаупі

- ▶ Тексеру және қызмет көрсету алдында қазанды суыту қажет. Жылыту қондырғысында $\geq 60^{\circ}\text{C}$ температурасы орнауы мүмкін.

Қоятын бөлме**Пайдаланылған газ шыққан кездегі улану қаупі**

- ▶ Жанғыш қондырғыны пайдалану кезінде бөлмеде таза ауа ағынын азайтатын механикалық ауа айдағыш құрылғылардың іске қосылып тұрмағандығына назар аударыңыз (мысалы, сорғыш түтіктер, киім кептіргіштер және ауа желдеткіштері).
- ▶ Қазанның аталған қысымды жіберетін тек бір мұржамен қосылуын қадағалау керек.
- ▶ Қазанды шығатын газды жылумен реттеліп тоқтататын тұтқаны электрлік қалқаннан кейін қоспаңыз.

Пайдаланылған газды бақылау:**Пайдаланылған газ шыққан кездегі улану қаупі**

Пайдаланылған газды бақылауға араласу кезінде шыққан газ адамның өміріне қауіпті болуы мүмкін.

- ▶ Пайдаланылған газды бақылау жүйесіне жөндеу жұмыстарын жүргізуге болмайды.
- ▶ Бөлшектерді алмастыру кезінде тек қана түпнұсқа бөлшектерді қолданыңыз.
- ▶ Температура өлшегішті алмастырудан соң, көрсетілген орынға орнатыңыз.

Егер пайдаланылған газды бақылау жүйесі жиі сигнал берсе, мұржа қызметіне және/немесе пайдаланылған газдың шығу жолдарына зақым келген болуы мүмкін.

- ▶ Ақауды жойыңыз.
- ▶ Қызмет тексерісін жүргізіңіз.

Жинау немесе қайта құру:**Қондырғыға зақым келу қаупі**

- ▶ Ғимараттағы ауаға байланысты жұмыс режимінде есіктердегі, терезелердегі және қабырғалардағы желдету және сору саңылаулары бітелмейді немесе кішіреймейді.
- ▶ Герметикалық терезелерді орнату кезінде жану үшін ауа берілуі керек.

Ақау дереу жойылмаған жағдайда:

- ▶ Қазанды сөндіріңіз.
- ▶ Жылы суды қыздыру үшін қыздырғыштарды пайдаланыңыз.
- ▶ **Сақтандырғыш клапандарды жабуға мүлдем болмайды**
Қыздыру үшін су қыздырғыштың сақтандырғыш клапанынан шығып кетуі мүмкін.
- ▶ Газды жеткізу бөлшектерін өзгертуге болмайды.

Қазандағы жұмыстар

- ▶ Монтаждауды, пайдалануға беруді, тексеруді және жөндеуді тек уәкілетті жылумен қамтамасыз ету кәсіпорнымен ғана орындаңыз. Сонымен қатар, ережені қадағалау керек (→ 3 бөлімі, 13-бет).

Тұтынушыға түсініктеме

- ▶ Тұтынушыға қазанның жұмыс принципі түсіндіріңіз және оны пайдалану нұсқаулығымен таныстырыңыз.
- ▶ Қолданушы жылыту қондырғысының қауіпсіздігі мен экология талаптарына сәйкестігіне жауап береді (Экология туралы федералдық заң).
- ▶ Тұтынушыларға өзгерістер енгізуге тыйым салынатындығын ескерту керек.
- ▶ Техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді тек уәкілетті мамандандырылған кәсіпорындар ғана орындай алады.
- ▶ Тек түпнұсқа бөлшектерді пайдаланыңыз.
- ▶ Басқа комбинацияларды, құрамдастарды және тез тозатын бөлшектерді тек мақсатына сай қолданыңыз.

2 Құрылғы туралы мәліметтер**2.1 Берілген нұсқаулық туралы**

Бұл пайдалану нұсқаулығы қазанды сенімді және білікті орнату, пайдалану және оған қызмет көрсетуге арналған маңызды мәліметтерді қамтиды.

Бұл құжаттар өзінің кәсіби білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, жылыту құрылғысы мен газ құрылғыларын қолдана алатын мамандарға арналған.

Қазанмен бірге мынадай құжаттар беріледі:

- Қолдану туралы нұсқаулық
- Орнату және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулық
- Қосалқы бөлшектер каталогы

Жоғарыда аталған құжаттарды Интернет арқылы да алуға болады.

- ▶ Өндірушінің байланыс ақпараты мен интернеттегі мекенжайын осы құжаттың артқы бетінен қараңыз.

Егер жоғарыда аталған құжаттаманы жақсарту жөнінде ұсыныстар болса немесе дәлсіздік байқасаңыз:

- ▶ Buderus хабарласыңыз.

2.2 Мақсаты бойынша пайдалану

Нұсқауға сәйкес пайдалану үшін:

- ▶ Монтаждау және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында, пайдалану нұсқаулығында, зауыттық тақтайшада және техникалық сипаттамаларда берілген нұсқауларды қадағалаңыз (→ 2.7 бөлімі, 6-бет және 2.9 бөлімі, 7-бет).
- ▶ Қазанды жылу жүйесіне арналған ыстық суды жылыту үшін және/немесе ауыз суды жылыту алдында пайдалану керек (мысалы, сужылытқыш).

Басқа мақсатта қолдануға болмайды.

2.3 ЕАС сәйкестілік бойынша мәлімдемесі

Бұл өнімнің құрылымы мен пайдаланылуы Еуропалық Кеден одағының директиваларына сәйкес келеді. Сәйкестілік жанындағы белгімен расталады.

2.4 Шолу

Қазан белгіленуі келесі бөліктерден құралады:

Logano G234	Түрінің атауы
WS	Арнайы газ жылыту қазаны
38-5	Жылу өнімділігі [кВт] - элемент мөлшері
44-5	
50-6	
55-6	

Кесте 2 Шолу

2.5 Жеткізу жиынтығы

Жиынтық бөлігі	Дана	Қаптама
Орнатылған сақтандырғыш ағын құрылғысы, қаптамасы және ендірілген жанарғысы бар қазан блогы	1	Ассортимент
Техникалық құжаттар	1	Үлдір қаптама
Техникалық құжаттары бар реттегіш құрылғы	1	Картон


Кесте 3 Жеткізу жиынтығы

2.6 Өнімнің сипаттамасы

Қазандық зауыт тарапынан от жанатын мойындармен және реттегіш құрылғылармен жабдықталған.

Қазанның негізгі құрамдас бөлігі:

- Жылу оқшауланған [3] және газ жанарғысы бар қазан блогы: қазан блогы газ жанарғысынан алынған жылуды жылыту суына береді.
- Қаптама [2] мен қазандықтың алдыңғы бөлшегі [5]: Қаптама мен жылу сақтау жүйесі қуаттың шығындалуын болдырмайды.
- Реттегіш құрылғы [4]: Реттегіш құрылғы жылыту қондырғысын пайдалану мен реттеуге арналған.



Сурет 1 Негізгі бөліктер


- [1] Жанарғы
- [2] Қаптама
- [3] Жылу сақтағышы бар қазан блогы
- [4] Реттегіш құрылғы
- [5] Қазанның алдыңғы бөлігі

2.7 Зауыт тақтайшасы

Зауыттық тақтайшада қазанға қатысты келесі мәліметтер бар:

- Өндіруші
- Сериялық нөмірі
- Жылу қуаты (номиналды қуаты)
- Қазан класы
- EN 303-5 стандартына сәйкес келеді
- Су мөлшері
- Жанармай
- Электр қуатын пайдалану
- Өндірушінің мекенжайы
- Қазанның құрылысы
- Модель/Қазан түрі
- Рұқсат етілген жұмыс қысымы
- Максималды қазан температурасы
- Қазан салмағы (бос)
- Жанармай
- Желі кернеуі
- Электр қорғаныс түрі


Зауыттық тақтайша орны



Сурет 2 Зауыттық тақтайша орны

- [1] Зауыт тақтайшасы

2.8 Өлшемдері және қосылымдары



Сурет 3 Өлшемдері мен қосылымдары (өлшемдер миллиметрмен көрсетілген)

EL Босату (толтыру)/босату шүмегін біріктіріп қосу үшін)
 GAS Газ порты
 RK Қазанның артқы тетігі
 RS Су қыздырғыштан шығу
 RSL Кері жүріс қауіпсіздендіретін мұржа (кеңейтетін бак үшін қосу бөлшегі)

VK Қазанның алдыңғы тетігі
 VS Суқыздырғыштан берілу
 VSL Алдыңғы өткізу Қауіпсіздендіру құбыры (тапсырушы тарапынан орнатылатын ауа шығарушы, қауіпсіздендіру қақпағы мен манометрі үшін қосу бөлшектері)

2.9 Техникалық деректер

Қазан өлшемі	Бірлік	38-5	44-5	50-6	55-6
G20/G30/G31 үшін жылу мөлшері	кВт	41,6	48,2	54,7	60,0
Жылу өнімділігі температура үйлесімділігі 80/60 °C	кВт	38	44	50	55
Қазандықтың әсер ету деңгейі Толық жүктелуі температура үйлесімділігі 80/60 °C	%	91,3	91,3	91,4	91,7
Дайындық үшін жылу шығыны, %	%	2,1	1,8	1,8	1,7
Heizwasserkreis					
Қазан суының температурасы	°C	100...120	100...120	100...120	100...120
Кедергі ΔT_{20K}	мбар	15	18	20	25
Қазанның максималды жұмыс қысымы	бар	4	4	4	4
Жылу айналымындағы жылу алмастырғыш	л	23	23	27	27
Пайдаланылған газ құрамының көрсеткіші					
Abgasmassenstrom ¹⁾ Толық жүктеме	кг/сек	0,0407	0,0411	0,0432	0,0441
Пайдаланылған газ температурасы ¹⁾ 80/60 °C	°C	94	103	106	109
CO ₂ мөлшері, табиғи газ G20	%	4,1	4,6	5,0	5,4
Ағын қысымы	Па	3	3	3	3
Пайдаланылған газ қосылысы					
Диаметр Ø AA	мм	180	180	180	180
Пайдаланылған газ жүйесі					
DVGW реттелетін механизмге сәйкес құрылым		B ₁₁ , B _{11BS}	B ₁₁ , B _{11BS}	B ₁₁ , B _{11BS}	B ₁₁ , B _{11BS}
Электр деректер					
Электр қорғаныс түрі		IP20	IP20	IP20	IP20
Сақтандырғыш	A	10	10	10	10
Құрылғы өлшемдері және салмағы					
Биіктігі × Ені × Тереңдігі (реттегіш құрылғымен бірге)	мм	1119×650×791	1119×650×791	1119×740×791	1119×740×791
Салмағы ²⁾	кг	221	221	255	255

Кесте 4 Техникалық деректер

1) Бөлме температурасында сақтандырғыш құрылғыдан және 20 °C түтін құбырынсыз (табиғи газ) 1 м шығару газ құбырынан кейін өлшенеді. Мәндер келесі жағдайларда EN 297 алынады. Қондырғының әртүрлі жағдайлары ауытқуды білдіруі мүмкін.

2) Орамадағы салмақ 6...8 % жоғары.

Қазан өлшемі	Негізгі газ форсункалары саны	Негізгі газ форсункаларының сипаттамасы		
		Табиғи газ Н (G20)	Сұйылтылған газ Пропан (G31)	Сұйылтылған газ В/Р (G30)
38-5	3	360	225	210
44-5	3	360	245	225
50-6	4	360	225	210
55-6	4	350	235	220

Кесте 5 Негізгі газ форсункалары

Қазан өлшемі	Н газ форсункалары қысымы (G20)															
	Газдың қосылу ағысының қысымы [мбар]															
	25	24	23	22	21	20	19	18	17	16	15	14	13	12	11	10
38-5	8,3	8,3	8,3	8,3	8,3	8,3	8,3	8,3	8,3	8,3	8,3	8,3	8,3	8,2	7,4	6,6
44-5	10,9	10,9	10,9	10,9	10,9	10,9	10,9	10,9	10,9	10,9	10,5	9,7	9,0	8,7	7,4	6,6
50-6	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	7,7	7,0	6,2
55-6	10,8	10,8	10,8	10,8	10,8	10,8	10,8	10,8	10,8	10,8	10,1	9,3	8,5	7,7	7,0	6,2

Кесте 6 Н газын пайдалануда қосымша қысымға байланысты анықталған форсункалар қысымы

Қазан өлшемі	Форсункалар қысымы, сұйылтылған газ, пропан Р (G31)															
	Газдың қосылу ағысының қысымы [мбар]															
	58 - 40	39	38	37	36	35	34	33	32	31	30	29	28	27	26	25
38-5	24,3	24,0	24,0	23,6	23,4	23,4	23,4	23,4	23,2	23,2	23,0	23,0	23,0	22,9	22,8	22,7
44-5	24,4	24,2	23,2	23,2	23,2	23,2	23,2	23,2	23,2	23,2	23,2	23,2	23,2	23,0	22,8	22,6
50-6	22,7	22,7	22,7	22,7	22,7	22,7	22,7	22,6	22,5	22,5	22,5	22,2	22,1	22,0	21,8	21,7
55-6	23,6	23,6	23,6	23,6	23,6	22,9	22,8	22,7	22,6	22,5	22,4	22,3	22,1	22,0	21,8	21,5

Кесте 7 Р сұйылтылған газын пайдалануда қосымша қысымға байланысты анықталған форсункалар қысымы

Қазан өлшемі	Форсункалар қысымы Сұйылтылған газ Бутан/пропан Аралас В/Р (G30)											
	Газдың қосылу ағысының қысымы [мбар]											
	58 - 40	39	38	37	36	35	34	33	32	31	30	
38-5	23,0	22,7	22,7	22,7	22,7	22,7	22,7	22,7	22,7	22,7	22,7	22,7
44-5	23,9	23,6	23,6	23,6	23,6	23,6	23,6	23,6	23,6	23,5	23,4	23,3
50-6	22,5	22,4	22,4	22,4	22,4	22,4	22,4	22,4	22,4	22,4	22,4	22,4
55-6	21,5	21,4	21,4	21,4	21,4	21,4	21,4	21,4	21,4	21,4	21,4	21,4

Кесте 8 В/Р сұйылтылған газды пайдалануда қосымша қысымға байланысты анықталған форсункалар қысымы

Қазан өлшемі	Газ шығыны		
	Табиғи газ Н (G20) [м³/с]	Сұйылтылған газ Пропан Р (G31) [кг/с]	Сұйылтылған газ Бутан/пропан В/Р (G30) [кг/с]
38-5	4,17	3,07	3,10
44-5	4,84	3,55	3,60
50-6	5,50	4,03	4,10
55-6	6,02	4,42	4,50

Кесте 9 Газ шығыны

2.10 Қазанды пайдалану шарттары

Бұл тарауда қазандықты Buderus реттегіш құрылғыларымен Logamatic 2000 және Logamatic 4000 іске қосылғандағы пайдалану шарттары аталады. Пайдалану шарттарын қадағалаған жағдайда еуропалық стандарт бойынша аса жоғары жарамдылыққа және ұзақ уақыт қызмет мерзіміне қол жеткізуге болады. Келесі шарттардан

ауытқу түрі мен дәрежесіне байланысты жұмыс қазанның немесе жеке компоненттердің бұзылуына дейін ақауларға әкеледі.



► Қазанның жапсырмасындағы нұсқауларды орындаңыз.

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Максималды температура T _{макс./TS}	°C	100...120	Ұлттық ережелерге сәйкес жылу қондырғысының ең үлкен температурасы осы ауқым шеңберіндегі мәнмен шектелуі мүмкін. Тәуекел шамасын белгілеу шегі қорғаныс температурасын шектегіш (STB) арқылы анықталады. Максималды мүмкін температура тәуекел шамасын белгілеу шегімен есептеледі (STB) - 18 K. Мысал (Тәуекел шамасын белгілеу шегі = 100 °C): Максималды температура = 100 °C – 18 K = 82 °C.
Рұқсат етілетін жалпы қысым ПМС:	бар	≤ 4	
Қауіпсіз температураның шектегіші үшін ең жоғары уақыт тұрақтысы:	сек	≤ 40	
Температура реттегіші үшін ең жоғары уақыт тұрақтысы	сек	≤ 40	
Құрылым	–	–	B ₁₁ , B _{11BS}

Кесте 10 Қазанды пайдалану шарттары

2.10.1 Электр тогымен қамтамасыз ету шарттары

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Қазандағы қуат көзінің кернеуі	B	185...250	Корпус пен қазанды жерге орнату оның мүлтіксіз қызмет етуіне және адамдардың қауіпсіздігіне алғышарт болып табылады! Жалынды бақылау үшін қорғаныш жермен бейтарап өткізгішті жалғау қажет болуы мүмкін. Егер қосылымды тапсырыс беруші жасамаса (мысалы, 2 фазалы режимде): ► Трансформаторды пайдаланыңыз.
Сақтандырғыш	A	10	
Жиілік	Гц	47,5...63,0	Синус пішінді қуат кернеуі
Қорғаныс түрі	–	–	IP20: Қатты заттардың енуінен қорғау > Ø 12,5 mm; судан қорғалмайды

Кесте 11 Электр тогымен қамтамасыз ету шарттары

2.10.2 Қондырғы орналасқан бөлме жағдайлары

Пайдалану шарттары	Бірлік	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Қоршаған ортаның жұмыс температурасы	°C	+5 ... +40	Бөлмедегі температура
Ауа ылғалдылығы	%	≤ 90	Қойылатын бөлмеде ешқандай конденсация және ылғалдылық болмауы керек
Шаң/Тозаң	–	–	Пайдалану кезінде бөлмеде шаң болмауы тиіс. - Мысалы, шаңды құрылыс жұмыстарында пайда болатын шаң Жағуға арналған ауада көп мөлшерде шаң болмауы тиіс. - Мысалы, жақын жерде орналасқан грунт жолдар мен соқпақ жолдардың шаңы - Мысалы, тас жару орындары немесе шахталар сияқты өндірістік және өңдеу салаларынан келетін шаң әсері Жануға арналған ауада көп мөлшердегі дән ұшпауы болмауы тиіс. - Мысалы, кәрзеңке гүлдері дәндері ► Қажеттілік туындағанда ауа елегін пайдаланыңыз.
Галоген-көмірсутек қосылыстары	–	–	Жағуға арналған ауада галоген-көмірсутек қосылыстары болмауы тиіс. ► Галоген-көмірсутек қосылыстарының шығу көзін табыңыз және жабыңыз. Егер бұл мүмкін болмаса: ► Жағуға арналған ауаны галоген-көмірсутек қосылыстарымен ластанбаған аймақтардан алу керек. ► К 3 жұмыс парағын (Германия жылу өнеркәсібінің федералды одағының № 1 ақпараттық бюллетені) сақтаңыз.
Қоятын бөлмедегі ауа желдеткіштері	–	–	► Жанарғы жұмыс істеген кезде қондырғы орнында жағуға арналған ауаны сорып әкететін механикалық құрылғыларды іске қосуға болмайды. - Мысалы, ауаны сорып алатын қақпақша - Мысалы, киім кептіргіш - Мысалы, желдеткіш құрылғылары
Ұсақ жәндіктер	–	–	► Қондырғы орналасқан бөлмені және жануға арналған ауаны беру құрылғысын ұсақ жәндіктердің енуінен қорғаңыз. ► Қажеттілік туындағанда торды пайдалану керек.
Өрттен қорғау	–	–	► Жергілікті ережелерге сәйкес жанғыш материалдардан ең аз қауіпсіз қашықтықтың болуын қадағалаңыз. ► Арақашықтық кемінде 40 см болуы тиіс. ► Қазан жанында тез тұтанғыш заттар мен жанғыш сұйықтықтарды сақтамаңыз.
Су басу	–	–	► Кенеттен тасып кету қаупі орын алған жағдайда газ және ағын жаңынан суды ішкі жіберу үшін саңылаудың алдында газ қазанын уақытылы өшіріңіз. ► Пайдалану алдында су болған арматуралар, реттегіш және басқару құрылғыларын алмастыру керек.

Кесте 12 Орналастыру шарттары - қоршаған орта

2.10.3 Кіріс және шығыс ауа жолдарына қойылатын талаптар

Пайдалану шарттары	Өлшемдері	Қазан қуаттылығы (бірнеше қазан болғанда = жалпы қуаттылығы), кВт	Ауаның кіріс ағыны қимасы, см ² (еркін ағын аумағы)	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Сыртынан жағуға арналған ауаны беруге арналған кіріс ауаның қимасы – жіктелген барлық жанарғылардың қуаттылығы, кВт	см ²	10...50	150	► Ауа өткізу үшін торды немесе електі орнатқан кезде саңылау қимасы сәйкесінше үлкен болуы керек.
		50...70	200	
		70...90	250	
		90...110	300	
		110...130	350	

Кесте 13 Кіріс және шығыс ауа жеткізу жолдары

Пайдалану шарттары	Өлшемдері	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Газ шығару қондырғысының қажетті күші (пайдаланылған газ құбырындағы қиынды)	Па	3...5	► Қазанды көрсетілген ағын қысымын қамтамасыз ететін мұржамен немесе газ құрылғысымен пайдалану керек. ► Жанғыш материалдарды пайдаланбаңыз.

Кесте 14 Кіріс және шығыс ауа жеткізу жолдары

2.10.4 Н жанғыш заттары мен Н табиғи газын қолдану шарттары (физикалық талаптар)

Пайдалану шарттары	Өлшемдері	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Жалпы мәліметтер	–	–	Тек табиғи газды ғана жанармай ретінде пайдалану керек. Мысалы мыналарды қолдануға болмайды: • Пропан-ауа қосылысы • Өңделген газ • Биогаз • Метан • Шыртылдауық газ
Воббе индексі (Ws)	кВт сағ/м ³ н	12,0...16,1	0 °C температурасында Ws; 1013 сағ-Па
Жану жылуы (Hs)	кВт сағ/м ³ н	9,5...13,1	
Салыстырмалы тығыздық	-	0,55...0,75	
Су мөлшері-шық нүктесі	°C	≤ +5	
Шаң, тұман, сұйықтық	–	–	Техникалық тұрғыдан еркін. Газ техникалық құрылғыларды ұзақ уақыт пайдалану арматуралар, електер мен сүзгілерге жиналулар мен олардың тарылуына әкелмейді.
Көмірсутектердің конденсация деңгейі	°C	–	Құбырдағы қажетті қысымға сәйкес жердегі температура
Қосылым қысымы	мбар	10,0...25,0	Газ қосылымының қысымы кейде 10 мбардан төмен түскен жағдайда, қысымды бақылаушы құрылғыны (қосымша жабдық) пайдалану міндетті болып табылады.
Тыныштық жағдайындағы қысым (жанарғы өшірулі)	мбар	≤ 30	
Қазанның алдыңғы бөлігіндегі қысымнан қорғаныс	мбар	≤ 100	Электрмен қамтамасыз ету желісіндегі қысымды реттегіш істен шыққан жағдайда белгіленген қысым көрсеткішінен аспау керек. Қысымнан қорғану мақсатында: ► Қорғаныс немесе сақтандырғыш клапанды орнату керек.

Кесте 15 Жанғыш заттар мен Н табиғи газы (физикалық талаптар)

2.10.5 Жанғыш заттар мен Н табиғи газын пайдалану шарттары (химиялық талаптар)

Пайдалану шарттары	Өлшемдері	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Сутегі мөлшері	%	≤ 23	
Күкірт мөлшері	мг/м ³	≤ 100	Соның ішінде одорант қолдану көмегімен күкірт мөлшері
Күкірт мөлшері, қысқа уақытта	мг/м ³	≤ 150	Соның ішінде одорант қолдану көмегімен күкірт мөлшері
Күкіртті сутек	мг/м ³	≤ 5	
Аммиак мөлшері	мг/м ³	≤ 3	

Кесте 16 Жанғыш заттар мен Н табиғи газы (химиялық талаптар)

2.10.6 Жанармай - сұйылтылған газ Бутан/пропан қоспасын пайдалану шарттары

Пайдалану шарттары	Өлшемдері	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Бутан мөлшері	Масс. %	≤ 60	
Газ тәріздес құрамдастар (H ₂ , N ₂ , O ₂ , CH ₄)	Масс. %	≤ 0,2	
Күкірт мөлшері	мг/кг	≤ 50	
Қосылым қысымы	мбар	32...50	
Қысым қорғанысы	мбар	≤ 100	Электрмен қамтамасыз ету желісіндегі қысымды реттегіш істен шыққан жағдайда белгіленген қысым көрсеткішінен аспау керек. ► Қысымнан қорғанысқа көз жеткізіңіз.

Кесте 17 Жанармай - сұйылтылған газ - бутан/пропан қоспасы

2.10.7 Жанармай - сұйылтылған газ пропан пайдалану шарттары

Пайдалану шарттары	Өлшемдері	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Бутан мөлшері	Масс. %	≤ 5	
Газтекес құрамдас бөлшектер	Масс. %	≤ 0,2	Мыс: H ₂ , N ₂ , O ₂ , CH ₄
Күкірт мөлшері	мг/кг	≤ 50	
Қосылым қысымы	мбар	30...50	
Қысым қорғанысы	мбар	≥ 100	Электрмен қамтамасыз ету желісіндегі қысымды реттегіш істен шыққан жағдайда белгіленген қысым көрсеткішінен аспау керек. ► Қысым қорғанысымен қамтамасыз етіңіз.

Кесте 18 Жанармай - сұйылтылған газ - бутан/пропан қоспасы

2.10.8 Гидравлика мен су сапасына қойылатын талаптар

Пайдалану шарттары	Өлшемдері	Сала	Ескертулер - Талаптарды нақтылау
Жұмыс қысымы (артық қысым)	бар	0,5...4,0	
Рұқсат етілетін сынақ қысымы	бар	1,0... 5,2	
Температура реттегіш (TR) арқылы температураны бақылау	°C	50...90	
Температураны қауіпсіз температураны шектегіш (STB) арқылы бақылау	°C	100...120	Реттегіш құрылғыларда мән кейде 100-120 °C арасында өзгере алады.
Толтыруға арналған су	pH мөлшері	8,2...9,5 (ұсынылады)	► Толтыру және суды толықтыру үшін тек сапалы ауызсуды пайдалану.

Кесте 19 Жанармай - сұйылтылған газ - бутан/пропан қоспасы

2.10.9 Пайдалану шарттары

Пайдалану шарттары	Қазандағы судың минималды температурасы	Пайдалануды тоқтату (қазанды толық сөндіру)	Қыздыратын аспап арқылы жылу айналымын реттеу ¹⁾	Минималды қайта айналым температурасы
Құбылмалы төмен температурамен Buderus-жұмыс істеу түрі үшін реттеу құрылғысымен бірге тіркесте болатын қазандық бөлімшесі (мысалы Logamatic 2107)				
	Талап қойылмайды Пайдалану температурасы Buderus реттегіш құрылғысымен анықталады ²⁾	Buderus реттегіш құрылғы көмегімен автоматты түрде	Ешқандай талап қойылмайды, бірақ жылу жүйесіндегі төмен температура көбіне 55/45 °C болған жағдайда, қажетті: • Еденді қыздыру жүйесі • Су сыйымдылығы үлкен қондырғылар: > 15 л/кВт	Талап қойылмайды
Қазанның тұрақты температурасы үшін Buderus қазан реттегіш құрылғымен (мысалы, Logamatic 2101 және Logmatic 2109 немесе бөгде реттегішке қосымша)				
	60 °C ³⁾	Пайдалануды тоқтатқан соң жылыту > 3 с созылуы мүмкін	Қажет	Жасау қажет: • Су мөлшері көп құрылғылар: > 15л/кВт : 55 °C • Модульді ретелетін жанарғыны пайдалану: 55 °C

Кесте 20

- 1) Қыздыратын аспабы бар жылу айналымын реттегіш реттеу жүйесін жақсартады және бірнеше реттегіші бар құрылғыларда қолдануға кеңес беріледі.
- 2) Егер реттегіш құрылғы жылыту контурларына (мысалы, сорғының логикалық схемасы) әсер ете алмаса, жанарғы іске қосылуы болғанда 50 °C жұмыс температурасына көлемді ағынды шектеу жолымен 10 минут ішінде қол жеткізілуі керек.
- 3) Қазандағы су температурасын реттегішті реттеу: Жанарғы жұмыс істеген кезде қазандағы судың минималды температурасы 10 минут ішінде сәйкес шаралар көмегімен қол жеткізіліп, минималды деңгейде сақталуы керек (мысалы, көлемді ағынды шектеу).

2.10.10 Газ санатына қойылатын талаптар (әр елге тән)

Ел	Газ санаты	Газ қосылымының қысымы [мбар]
KZ, RU, UA	II _{2H3P}	20; 37/50
DZ, EE, LV, LT	I _{2H}	20
BY	II _{2H3P}	20; 50
PL	II _{2E3P}	20; 45

Кесте 21 Елге байланысты газ санаттары

Елдер тізімі

Елдердің қысқарған атаулары	Ел
BY	Белоруссия
DZ	Алжир
EE	Эстония
KZ	Қазақстан
LT	Литва
LV	Латвия
PL	Польша
RU	Ресей
UA	Украина

Кесте 22 Елдер тізімі

3 Ережелер

Қазан өз құрылысы мен жұмыс сипаттамалары бойынша келесі талаптарға сай:

- EN 297
- 2009/142/EG газ құрылғы директивалары
- 92/42/EEG ПӘК директивасы
- 2004/108/EG EMV директивасы
- 2006/95/EG төмен қысым директивасы

3.1 Стандарттар мен директивалар

Орнату және қолдану барысында келесі әр елге тән нұсқаулар мен нормаларды ескеру керек:

- Орналастыру талаптары туралы жергілікті анықтамалар
- Жергілікті құрылыс нормалары және ауаны беру және шығару құрылғыларына, сондай-ақ, түтін құбырын қосуға қатысты ережелер
- Электр бөлігін желіге қосу нормалары
- Газ жанарғысының жергілікті газ желісіне қосу туралы газбен қамтамасыз ететін мекеменің техникалық ережелері
- Сумен жылыту құрылғыларының қауіпсіздік жабдықтары бойынша ережелер мен нормалар
- Жылыту құрылғыларын орнатушыларға арналған нұсқау

3.2 Рұқсат және мәлімет алу міндеттемесі

- ▶ Газ қазанын орнату сәйкес газбен қамтамасыз ету компанияларымен нұсқалуын және бекітілуіне көз жеткізіңіз.
- ▶ Жергілікті орындарда бекітілген рұқсатнамалар газ құрылғыларына міндетті болып табылады.
- ▶ Қондырғыны орнату алдында аймақтағы жауапты мұржа тазартатын маманға хабарласу керек.

3.3 Орнату орны



ҰСЫНЫС: Құрылғы аяздан зақымдануы мүмкін!

- ▶ Жылыту қондырғысын аяздан қорғалған бөлмеде орнатыңыз.



ҚАУІП: Тез тұтанғыш материалдар мен сұйықтықтардан өрт шығу қаупі!

- ▶ Қазанның жанында тез тұтанғыш заттар мен жанғыш сұйықтықтарды сақтамау керек.



ҰСЫНЫС: Жануға арналған ауаның ластануына немесе қазанның жанындағы ауаның ластануына байланысты қазан зақымдануы мүмкін!

- ▶ Ешбір жағдайда қазанды шаңды бөлмеде немесе агрессивті химиялық заттар (мысалы, бояу цехі, шаштараз және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары (тыңайтқыштар)) бар бөлмеде пайдалануға болмайды.
- ▶ Қазанды ешқашан трихлорэтилен немесе галогенды сутегі, сонымен қатар, агрессивті химиялық заттар жұмыста қолданылатын жерлерде пайдалануға болмайды. Бұл заттар аэрозоль банкілерде, белгілі бір желімдерде, еріткіштерде немесе тазартқыштарда немесе лактарда болады.

3.4 Пайдаланылған газ қосылымы

Егер қазан бөлмедегі ауаға байланысты қосылса:

- ▶ Жануға арналған ауа үшін қажетті саңылаулары бар қондырғысы үшін бөлмені таңдаңыз.
- ▶ Бұл саңылаулардың алдына зат қоймау керек.
- ▶ Пайдаланылған ауа саңылауларын ашық ұстау керек.

3.5 Тексеру/қызмет көрсету

Жылыту құрылғыларын жүйелі түрде жөндеу келесі себептерге байланысты міндетті болып табылады:

- Жоғары жылу температурасын сақтау және жылыту құрылғысын үнемді пайдалану үшін
- Жоғарғы деңгейдегі жұмыс қауіпсіздігі
- Экологиялық талаптарға сәйкес жанудың жоғары деңгейінде болу үшін.

Қызмет көрсету аралығы



ҰСЫНЫС: Құрылғы тазалау және техникалық қызмет көрсету бойынша орындалмаған немесе дұрыс емес орындалған жұмыстар нәтижесінде зақымданған!

- ▶ Жылына бір рет жылыту құрылғысын тексеруден өткізу керек.
- ▶ Қажеттілік туындағанда тазартыңыз.
- ▶ Қажеттілік туындағанда қызмет көрсетіңіз. Жылыту қондырғысына зақым келтірмеу үшін:
- ▶ Анықталған ақауларды дереу жойыңыз.

3.6 Құралдар, материал мен қосымша заттар

Қазанды орнату және оған қызмет көрсету үшін жылу, газ және сумен жабдықтау құрылғылары саласында қолданылатын стандартты құралдарды қолдану міндетті болып табылады.

Сол себепті арнайы белдікті қол арба болуы шарт.

3.7 Нұсқаулар кепілдігі

Өзгертілген нұсқаулар мен толықтырулар орнату барысында қолданыста болады және орындалуы тиіс.

4 Қазанды тасымалдау



ҰСЫНЫС: Соққыдан зақымдалу қаупі!

- ▶ Соққыға сезімтал бөлшектерді қорғаңыз.
- ▶ Орамадағы тасымалдау белгілерін ескеріңіз.



ЕСКЕРТУ: Дұрыс қорғалмаған қазанның зақымдалу қаупі!

- ▶ Қазанды сәйкес көлікпен тасымалдау керек (мысалы, баспалдақтан немесе қабаттан тасымалдауға арналған белдікті арба).
- ▶ Тасымалдау кезінде қазанның құлап кетпеуіне назар аударыңыз.

Арбамен тасымалдау

- ▶ Қаптаманың ашылмағандығын тексеріңіз.
- ▶ Оралған қазанды арбаға орналастырыңыз.
- ▶ Қажет болған жағдайда тартқыш белдікпен бекітіңіз және [1] орнату орнына ауыстырыңыз.
- ▶ Арқанды босатыңыз.
- ▶ Қазанның орамасын жинаңыз және экологиялық талаптарға сәйкес пайдаға жаратыңыз.



Сурет 4 Арбамен тасымалдау

[1] Арқан

Айырлы жүк тиегішпен тасымалдау

- ▶ Қаптаманың ашылмағандығын тексеріңіз.
- ▶ Айырлы жүк тиегішті қазандықтың астыңғы бөлігіне жақындатыңыз. Айырдың көлемін қазандықтың ұзындығына сәйкес таңдаңыз.
- ▶ Қазандықты абайлап көтеріңіз (1...2 см).
- ▶ Жүк салмағы тең болмауы себепті қазандықтың орнықтылығын тексеріңіз. Қажеттілік туындағанда орынға назар аударыңыз.
- ▶ Қазандықты көтеріңіз және еңкейтілген күйде орналастырылатын жайға жеткізіңіз.
- ▶ Қазанның орамасын жинаңыз және экологиялық талаптарға сәйкес пайдаға жаратыңыз.



ҰСЫНЫС: Қазанның ластануынан туындаған зақымдалу қаупі!

Қазанның орамасы ашылған соң біраз уақыт қолданылмаған жағдайда:

- ▶ Барлық қорғаныш қақпақшаларды қосылымдарда қалдыра отырып, қазан қосылымдарын қорғаңыз.

4.1 Жеткізілетін көлем

Қазан зауыттан дайын қалпында жіберіледі.

- ▶ Жеткізілім толық жіберілгенін тексеріңіз.
- ▶ Газ түрі туралы анықтаманы зауыттық тақтайшадан тексеріңіз.

Қазанға қосымша бөлшектер алынады.

- ▶ Каталогтан тиісті қосымша жабдық туралы толығырақ деректерді алыңыз.


4.2 Көтеру және тасымалдау



ЕСКЕРТУ: Дұрыс көтермеу және тасымалдаудан туындайтын зақымдалу қаупі!

- ▶ Қазанды тек қана бүйірінен көтеріп және тасымалдау керек.
- ▶ Қазанды бір адамның көтеруіне және тасымалдауына болмайды.

- ▶ Қазанды кемінде 4 адам көтеруі және тасымалдауы тиіс.




Сурет 5 Қазанды көтеру және тасымалдау

[1] Бүйірі

5 Орнату

5.1 Қолдану мысалдары



Сурет 6 Қолдану мысалдары

- A Негізгі модуль
- B Сәулелік модуль FM244
- C Модуль FM241
- [1] Жылыту контуры 1
- [2] Жылыту контуры 2
- [3] Сәулелік сорғы
- [4] Суқыздырғыш
- [5] Айналым сорғысы
- [6] Сақтағышты толтырушы сорғы
- [7] Жылыту сорғылары
- [8] Жылыту контурының реттегіш клапаны
- [9] Қазан

5.2 Қабырғамен арадағы ұсынбалы арақашықтық

Орналастыру кезінде орнату мен қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуге қажетті орынды ескеру керек.

- ▶ Қазанды мүмкіндігінше ұсынылатын қашықтықта орналастырыңыз.
- ▶ Қазандықты оның корпусы жермен жымдасатындай тігінен орналастырыңыз.
- ▶ Қазанды оң және сол жағынан орналастырыңыз.
- ▶ Қондырғы бөлмесіне арналған қосымша нұсқауларды қадағалаңыз (→ 3.3 бөлімі, 13-бет).




Қажет болған жағдайда басқа компоненттердің қабырғаларынан қосымша қашықтықтарды және сәйкес монтаждау нұсқаулықтарындағы (мысалы, қыздырғыш) нұсқауларды ескеріңіз.



ҰСЫНЫС: Жердің қатты болмауы себепті қазандықтың зақымдалуы!

- ▶ Қазанды тек арнайы жерге орнату керек.



6 720 645 159-05.1RS

Сурет 7 Ұсынылатын қабырғамен арадағы қашықтық [мм]
(жақшаға алынған минималды қашықтық)

Өлшем	Қабырғамен арадағы қашықтық	
A	Ұсынылатын	500
	Минималды	500
B	Ұсынылатын	400
	Минималды	100
C	Ұсынылатын	400
	Минималды	100/400 ¹⁾
D	Ұсынылатын	400
	Минималды	100

Кесте 23 Қабырғалармен арадағы ұсынылатын және минималды қашықтық (мм)

- 1) Пайдаланылған газды бақылау жүйесімен бірге қазандықтың бір жағы қабырғадан кемінде 400 мм арақашықтықта (Газды бақылау жүйесінің температурасын өлшегіш құралға қолжетімділік).



Төмен немесе жақын орналасқан қыздырғышқа қосылған жағдайда:

- ▶ Құбырды орнату нұсқауларын ескеру керек.

5.3 Қорекпен қосылымды орнату



ҰСЫНЫС: Тығыз болмағандықтан, қондырғыға зақым келеді!

- ▶ Қазан қосылымында қосылым құбырларын тартқышсыз орнатыңыз.



Бүкіл жылыту қондырғыны қорғау үшін ластаудан қорғауға арналған сүзгіні кері жүріске ендіруді ұсынамыз. Қазанды бұрын орнатылған жылыту қондырғысына қосқан кезде сүзгі орнату қатаң ескертіледі.

- ▶ Ластан қорғауға арналған сүзгінің алдында және артында сүзгіні тазалау үшін қоршау орнатыңыз.



Егер қазан қосылымы үшін жылыту контурының (құрамдастарының) жылдам монтаждау жүйесі қолданылмайтын болса:

- ▶ Қазанның алдыңғы құбырына кері клапанды орнату керек.

5.3.1 Газды қосуды жүзеге асыру



ҚАУІП: Жанғыш газдардың жарылуы өмірге қауіпті!

- ▶ Қондырғының газ жеткізгіш бөліктерін тексеруді тек қана мамандандырылған қызмет көрсету мекемесінің мамандары ғана жүргізуі тиіс.
- ▶ Газ құбырының тегіс тығыздағышы болуын қадағалаңыз. Газ бен ауаның араласуы жарылыс қаупін тудырады!
- ▶ Барлық құбырлар мен бұрандалардың газды өткізбейтіндігін тексеріңіз.

- ▶ Қазандағы газ қосылымын арнайы тығыздағышпен тығыздаңыз.
- ▶ Газ құбырын газ қосылымына тартпай қосыңыз.




Біз DIN 3386 сәйкес газ құбырына газ сүзгісін орнатуды ұсынамыз.

- ▶ Газды қосуға арналған әр елге тән нормалар мен ережелерді ескеру керек.

Сұйылтылған газ:

- ▶ Реттеу шайбасын газ құбырына жоғары не төмен бағыттау арқылы [1] тікелей газға арналған қосылымда [2] газ қысымы сигнализаторын (қайта қойылатын бөлшектер құрамдастары) герметикалаңыз.
- ▶ Бірге жіберілген ниппельді қолданыңыз.
- ▶ Газ құбыры жанындағы қосылым құбырын қазанның артқы қабырғасы арқылы реттегіш құрылғының бойымен оң жақ қаптал қабырға бойынша өткізіңіз.
- ▶ Қосуды схема бойынша жүргізіңіз.



Сурет 8 Газды қосуды орындау

- [1] Газ қысымы сигнализаторы (сұйылтылған газ үшін қажет; 90° айналуы мүмкін)
- [2] Газ порты


5.3.2 Жылулық алдыңғы және артқы жолдарын орнату

- Қазандықтың кері айналым құбырын RS/RK портына [5] қосыңыз.
- Кері айналым құбырындағы толтыру және босату тетіктерін құрылғының жұмыс орнында орнатыңыз.
- Қазандықтың алға қарай айналым құбырын VK портына [3] қосыңыз.



Қазанды қорғаныс кешенімен (KSS, қосымша жабдық) жабдықтауды ұсынамыз.

- Қазандықтың қауіпсіздік жиынтығы тек қана қазанды біріктіріп қосу үшін арналған жиынтығымен бірге (KAS 1 немесе KAS 2 қазандық, жинағыш немесе жылыту контурының құбырлар жүйесіне) орнатыңыз.



Сурет 9 Қазан қосылымдары

- [1] Біріктіріп қосу Босату/Қорғаныс құбыры (EL/RS: R1/G1)
- [2] Қыздырғыштың алдыңғы құбырын қосу (VS; R1/G1)
- [3] Қазанның алдыңғы құбырын қосу (VK; Rp 1½)
- [4] Біріктіріп қосу Алдын ала өткізу құбыры Қорғаныс құбыры (VSL; Rp1¼)
- [5] Қыздырғыштың кері құбырын/қазанды қосу (RS/RK; Rp 1½)

Қорғаныс бұрандасын орнату



ҰСЫНЫС: Артық қысым салдарынан құрылғының зақымдалуы!

- Сақтандырғыш клапанды орнатыңыз. Белгіленген максималды қысымнан артпайды.

- Қорғаныс бұрандасын тоқ ағым тежегіші астындағы VSL [4] байланыс бөлшегіне жалғаңыз.

5.3.3 Жылы суды сақтағыштың алдыңғы және артқы жол қосылуы

Қазандықты жанама жылы су қоймасына жалғауға болады.

- Бойлердің жіберу құбырын RS/RK [5] келте құбырға қосыңыз.
- Бойлердің беру құбырын VS [2] келте құбырына қосыңыз.

Егер қазан жылы су сақтағышпен үйлеспесе:

- Жылы су қоймасының алға қарай айналым құбырын ажыратыңыз.

5.4 Пайдаланылған газ байланысы мен пайдаланылған газ бақылауға арналған нұсқаулар



Қондырғыны орнату алдында аймақтағы жауапты мұржа тазартатын маманға хабарласу керек.

- ▶ Пайдаланылған газды қосу тетігін орнату барысында жалпы бекітілген нұсқауларды ескеру керек (→ 3.4 бөлімі, 13-бет).

Пайдаланылған газды қосу тетігін орнату барысында ескеру керек:

- Пайдаланылған газ құбырының көлденең разряды бекітілген нұсқаулар көрсеткішіне сәйкес болуы тиіс.
- Мұржа мүмкіндігінше қысқа болуы шарт.
- Пайдаланылған газ құбыры жоғарыдан мұржамен байланысуы тиіс.
- Пайдаланылған газды жабудың қақпақтарын құбырға қоспау.

5.4.1 Пайдаланылған газды бақылау (қосымша бөлшек)

- ▶ Ғимаратты пайдалануға байланысты немесе аймақтық/ұлттық жарлықтарға сәйкес газ шығару қондырғысын ПГ бақылау құрылғысымен монтаждау қажет болатынын не болмайтынын тексеріңіз.
- ▶ Қажеттілік туындаған жағдайда пайдаланылған газды бақылауды ережеге сай орындаңыз. Пайдаланылған газды бақылау қосымша жабдық ретінде қолжетімді.

5.4.2 Пайдаланылған газ құрылғысы құрылым түрі Вхх

В құрылымды пайдаланылған газ құрылғысы жануға арналған ауаны қазан орнатылған бөлмеден сорып алады. Жанған газ құрылғы арқылы сыртқа шығады. Осы жағдайда бөлмеге арналған және бөлмедегі ауа температурасына байланысты пайдалану туралы арнайы нұсқауларды ескеру керек. Жану үшін жеткілікті ауа ағыны болуы шарт.

Жануға арналған ауа ағыны үшін (TRGI 5.5.2.8):

- Монтаждау бөлмесінде 180 см² қималы 1 саңылау немесе 90 см² қималы әрқайсысы сыртына шығатын 2 саңылау болуы керек.
- Қазанды адамдар жиі болатын орында іске қосуға болмайды.
- ▶ Газ бағытын бұру құралын құрылғыны орнату нұсқаулығына сәйкес орнату керек.

Құрылым түрі В₁₁ (ПГ бақылаусыз)

- ▶ Пайдаланылған газды бақылау құралынсыз қазанды ғимараттың тұрғын бөлмелерінде қосуға болмайды және желдету туралы ережеге сәйкес орнатылуы тиіс, мысалы, жылыту бөлмесі.

В_{11BS} құрылым түрі (пайдаланылған газды бақылау құралымен)

Аймақтық немесе ұлттық жарлықтарға немесе заңдарға сәйкес ПГ бақылау құрылғысын орнату міндетті болуы мүмкін, мысалы, қазанды тұрғын жайларда немесе жалпы пайдаланылатын ұқсас орындарда немесе шатырдағы орталық қазанда қолданғанда.

Егер пайдаланылған газ қондырғы орнында шықса, ПГ бақылау қондырғысы газ беруді тоқтатады. Жанарғылар іске қосылмайды.


Қазанды қайтадан іске қосу (ақау жойылғаннан кейін):

AW 50 пайдаланылған газды бақылау жүйесі

Жылу қажет болған жағдайда ПГ бақылау құрылғысы AW 50 (→ 10 суреті, [1]) бірнеше минуттан кейін автоматты түрде жанарғыны іске қосады.

AW 10 пайдаланылған газды бақылау жүйесі

- ▶ ПГ бақылау құрылғысын қолданған кезде AW 10 [2] шамамен 2 минуттан кейін қақпақшасын [5] алып тастаңыз.
- ▶ Блоктан шығару тетігін [4] басыңыз.



Сурет 10 Пайдаланылған газды бақылау жүйелері

- [1] AW 50 пайдаланылған газды бақылау жүйесі
- [2] AW 10 пайдаланылған газды бақылау жүйесі
- [3] Ағынмен қамтамасыз ету
- [4] Блоктан шығару тетігі
- [5] Қорғаныш қақпақ
- [6] Газ температурасын реттегіш



ҚАУІП: Улану қаупі бар!

Пайдаланылған газды бақылауға араласу кезінде шыққан газ адамның өміріне қауіпті болуы мүмкін.

- ▶ Пайдаланылған газды бақылау жүйесіне жөндеу жұмыстарын жүргізуге болмайды.
- ▶ Бөлшектерді алмастыру кезінде тек қана түпнұсқа бөлшектерді қолдану керек.
- ▶ Пайдаланылған газдың температурасын өлшегішті алмастырудан соң көрсетілген орында орнатыңыз.



ҚАУІП: Улану қаупі бар!

Таза ауаның жеткіліксіздігі қауіпті газ ағынының жиылуына әкелуі мүмкін.

- ▶ Ауа ағыны жеткілікті және кедергісіз келіп тұрғанына назар аударыңыз. Егер ақау дер кезінде жойылмаса:
- ▶ Қазанды сөндіріңіз.
- ▶ Қондырғыны жеткізуші мекемеге табылған ақау мен қауіп туралы жазбаша түрде мәлімдеу қажет.

5.5 Жылыту құрылғысын толтыру және тығыздығын тексеру

Пайдалану кезінде тығыз жабылмаған жерлер болмас үшін:

- ▶ Пайдалану алдында жылыту құрылғысының тығыздығын тексеріңіз.

Ауадан толық босату үшін:

- ▶ Толтыру алдында барлық ауа айналым шығыршығы мен термостат бұрандаларын ашыңыз.



ҰСЫНЫС: Тығыздық тексеру кезіндегі артық қысым салдарынан құрылғының зақымдалуы!
Қысым, реттеу немесе қорғаныс жабдықтары қысым артқанда зақымдалуы мүмкін.


- ▶ Толтырудан соң жылыту құрылғысындағы қысымды қорғаныс бұрандасындағы қысымға сәйкестендіру керек.



ҰСЫНЫС: Температуралық жүктемеге байланысты қондырғы зақымданған!
Егер жылыту қондырғысы жылы жағдайда толтырылатын болса, шектік температураларға байланысты ішкі қысымға байланысты сызаттар пайда болуы мүмкін. Қазан тесіледі.

- ▶ Жылыту қондырғысын тек салқын күйінде толтырыңыз (беру температурасы $\leq 40^{\circ}\text{C}$).

- ▶ Кеңейткіш түтікшені қақпақша бұрандасын жүйеден ажырату арқылы сөндіріңіз.
- ▶ Су жылыту жағындағы аралас және құлыптау бұрандаларын ашыңыз.
- ▶ Шлангті су құбырының шүмегіне жалғаңыз.
- ▶ Шлангіні суға толтырыңыз.
- ▶ Суға толы шлангіні құю және ағызу шүмектің басына енгізіңіз.
- ▶ Шлангіні қысқышпен бекітіңіз.
- ▶ Құю және ағызу клапанын ашыңыз.
- ▶ Су кранын ашып, жылыту қондырғысын мұқият баяу толтырыңыз. Толтыру кезінде қысым көрсеткішін (манометрдегі) бақылаңыз.



Сурет 11 Ажыратылған құрылғыларға арналған манометр

- [1] Қызыл түсті көрсеткіш
- [2] Манометр көрсеткіші
- [3] Жасыл түсті таңбалау

- ▶ Тиісті қысым көрсеткішіне жеткен соң, су құбырының шүмегі мен құю және ағызу тетіктерін жабыңыз.
- ▶ Қосылымдар мен құбырлардың тығыздығын тексеріңіз.
- ▶ Жылыту қондырғысын жылытқыштың ауа клапандары арқылы ауадан босатыңыз.

- ▶ Құрылғыдағы қысым ауадан босатылған соң төмендеген жағдайда, су толтырыңыз.
- ▶ Шлангіні құю және ағызу клапанынан шығарыңыз.
- ▶ Тығыздықты тексеру жергілікті нұсқауларға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- ▶ Жылыту құрылғысының тығыздығы тексеру барысында тесік анықталмаса, тиісті қысым көрсеткішін белгілеу керек.

5.6 Электрлік байланысты орнату

Қазан толықтай кабельмен жабдықталған.

- ▶ Электрлік компоненттерді қосу барысында қоса берілген схема мен осы өнімнің нұсқаулығын ескеру керек.
- ▶ Желіге қосу жергілікті нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.



Қазанның барлық полюстерін электр желісінен өшіру үшін стандартқа сай бөлу құрылғысы қолданылуын қадағалаңыз (контактілер арасындағы қашықтық $> 3\text{ мм}$).

- ▶ Егер ешбір ажырату құралы орнатылмаған болса, онда орнату қажет.



ҰСЫНЫС: Дұрыс емес орнату құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін!
Электр қосылымдары үшін келесі пункттерді назарға алыңыз:

- ▶ Кабельдік және капиллярлық құбырларды мұқият тасымалдаңыз.
- ▶ Тасу кезінде капиллярлық құбырларды бүпеу керек.
- ▶ Жылыту құрылғысындағы электр жұмыстарын тек қана біліктілік талаптарына сай келгенде жүргізу шарт.
- ▶ Біліктілік талаптарына сай келмеген жағдайда электр қосылымы жұмыстарын уәкілетті мамандандырылған мекеме мамандары жүргізуі қажет.
- ▶ Жергілікті нұсқауларды ескеру қажет!




ҚАУІП: Қондырғы ашық тұрған кезде электр тогын қосу өмірге қауіпті! Қондырғы ашық тұрған кезде электр тогын қосу өмірге қауіпті!

- ▶ Қазанды ашпас бұрын: Жылыту қондырғысын қосқыштың көмегімен токсыз қосу қажет және/немесе жылыту қондырғысын тиісті құрал көмегімен электр желісінен ажырату керек. Реттегіш құралды ғана ажырату жеткіліксіз.
- ▶ Жылыту қондырғысын байқаусызда қайта қосылуына жол бермеіз.

5.6.1 Қазанның алдыңғы бөлігін ажырату

- ▶ Қазанның алдыңғы бөлігінің [1] қорғаныс бұрандаларын [2] ажырату керек.
- ▶ Қазанның алдыңғы бөлігін ақырын көтеріп, алға қарай тартыңыз.




Сурет 12 Қазанның алдыңғы бөлігін ажырату

- [1] Қорғаныс бұрандалары
- [2] Қазанның алдыңғы бөлігі

5.6.2 Қазанның артқы қақпағын алу

- ▶ Қазанның артқы қақпағының екі бекіту бұрандасын да [1] бұрап ашыңыз.
- ▶ Қазанның артқы қақпағын көтеріп, оны артқа қарай тартыңыз.




Сурет 13 Қазанның артқы қақпағын алу

- [1] Қазанның артқы қақпағы

5.6.3 Logamatic 2000 реттегіш құрылғысын орнату


- ▶ Реттегіш құрылғының [2] қаптамасын сопақ ұңғымаға [3] бекітіңіз.
- ▶ Реттегіш құрылғыны алға қарай тартыңыз.
- ▶ Эластикалық ілмектерді [1] басып тұрып, алдын ала қарастырылған ойықтарға енгізіңіз.



Сурет 14 Реттегіш құрылғыны орнату

- [1] Созылғыш ілмектер
- [2] Қаптама
- [3] Сопақ ұңғыма

- ▶ Бұрандаларды қаптарынан [1] бұрап алыңыз.
- ▶ Реттегіш құрылғының қабын алыңыз.
- ▶ Реттегіш құрылғыны бұрандалармен [2] берік бекітіңіз.




Сурет 15 Қабын алу

- [1] Бұрандалардың қаптары
- [2] Бұрандалар

5.6.4 Logamatic 4000 реттегіш құрылғысын орнату


- ▶ Бұранданың екеуін де [1] жоғарыдағы қысқыш қабынан [2] бұрап алыңыз.
- ▶ Қапты алыңыз.
- ▶ Реттегіш құралды жайлап алға қарай қисайтып ілгектерді алдыңғы жақта сопақ тесікке енгізетіндей етіп қойыңыз.
- ▶ Оң және сол жақтардағы созылғыш ілмектер шыққан соң, реттегіш құрылғыны алға қарай итеріп, артқа қарай тартыңыз.
- ▶ Капиллярлы құбырларды кабель арқылы [3] жүргізіңіз және тиісті ұзындыққа дейін тарқатыңыз.



Сурет 16 Реттегіш құрылғыны ашу және кигізу

- [1] Бұрандалар
- [2] Қысқыш қабы
- [3] Кабель жолы
- [4] Реттегіш құрылғы

► Реттегіш құрылғыны артында оң жағынан және сол жағынан кабель өткізу саңылауында қазанның алдыңғы қақпағында 2 бұрандамен бұраңыз.




Сурет 17 Реттегіш құрылғына бұрап бекіту

- [1] Бұрандалар


5.6.5 Температура сезінгіш бумасын орнату

► Кабель қаптамасын шешіп алыңыз (→ 18 суреті, [1]).



► Қазандықтың су температура сенсорлары құбырын қазандықтың алдыңғы қақпағының астында [2] өлшем белгісіне қарай алға жылжытыңыз. Қажетті ұзындыққа дейін тарқату қажет.

- Капиллярлық құбырлардың артық бөлігі бөлігі мен сезінгіш құралы оралған күйі жылу оқшаулау аймағына қойылады.
- Жанарғылар құбыры [3] қазан қаптамасының астынан артқы жаққа қарай реттегіш құрылғының байланысу бөлігіне жалғанады.
- Температура сезінгіш құралын сырт еткен дыбыс естілгенше арнайы ойыққа енгізіңіз. Пластмассалық спираль [4] автоматты түрде кейін сырғиды.
- Теңестіру белдігін [5] арнайы ойыққа бірге енгізіңіз.
- Сезінгіш қорғанысын [6] бүйірден немесе жоғарыдан арнайы ойық тетігіне басыңыз.



Сурет 18 Температура сезінгіш бумасын орнату

- [1] Кабель бөлігі
- [2] Өлшеу орны
- [3] Жанарғы құбыры
- [4] Пластмасса спираль
- [5] Тепетендік серіппесі
- [6] Сақтандырғыш датчик



Температураның өзгеруінен қорғану мақсатында:

- Датчикті арнайы ойыққа берік орнатыңыз.
- Тепетендік серіппесін қолданыңыз.

5.6.6 Басқа да электр қосылым желілерін жалғау



ҚАУІП: Электр тогын қосу өмірге қауіпті!


Ыстық бөлшектер электр сымдарға зақым келтіруі мүмкін.

- Сымдар қазанның ыстық бөлшектеріне немесе ағынның сақтандырғыш құрылғысы бөлшектеріне тимеуін қадағалаңыз.
- Барлық құбырлардың қарастырылған кабель жолдарында немесе қазандықтың жылу қорғаныс жүйесінде төселгеніне назар аударыңыз.

- Тапсырыс берушінің электр жалғағыш сымдарын және ПГ бақылау құрылғысының жалғағыш сымын кабель арнасы арқылы [1] артқы бағытта реттегіш құрылғыға қарай салыңыз.
- Реттегіш құрылғылардың штекер ұяларында бірге берілетін электр схемасы бойынша [3] электр қосылымын орындаңыз.



- Қажет болғанша бұрауышпен штекерлі ұя қалпынан штекерлерді алып тастаңыз.



Сурет 19 Электр қосылымы желісін жалғау


- [1] Кабель жүргізу
- [2] Қақпақшалар жиегі
- [3] Штекерлік қосылым

- ▶ Жаққыштың штекерлік қосылымын қосу жоспары бойынша қосыңыз.
- ▶ Капиллярлы құбырлардың артық ұзындығын және сымдарды қазан блогын оқшаулау орнына қойыңыз. Капиллярлық құбырларды бүкпеу керек!

Созылымды күшті азайту

Барлық сымдарды қамыттармен бекіту үшін (→ 20 суреті):

- ▶ Кабель ұштықтарын салынған жолмен жоғарыдан ұштықтың тіреуінің кершігіне кіргізіңіз. Иінтірек басы жоғары қарап тұруы керек.
- ▶ Кабель қаптамасын төмен қарай тартыңыз.
- ▶ Қарсы қысым.
- ▶ Иінтіректі жоғары қаратыңыз.



Сурет 20 Сымдарды кабель ұштықтарымен бекіту




- ▶ Кабельдер мен капиллярлық құбырлардың дұрыс төселуін қадағалаңыз.
- ▶ EN 50 165 сәйкес стационарлық желілік қосылымды орындаңыз.
- ▶ Жергілікті нұсқауларды ескеру қажет.

5.6.7 Logamatic 2000 орнатуға арналған нұсқау

- ▶ Хабарландыру бірлігін ұйғарымды орында белгілеңіз.



L қоймасымен кешенді болғанда хабарландыру бірлігін тіке орнатуды ұсынамыз (→ 21 суреті).




Сурет 21 Хабарландыру бірлігін белгілеу

5.6.8 Logamatic 4000 орнатуға арналған нұсқау



Logamatic 4000 реттеу жүйесі:

- ▶ Қажеттілік туындаған жағдайда артық бөлігін [6] артқы жағынан [1] сындыру немесе қиып тастау керек.
- ▶ Артқы қабырға бөлшегінің [5] оң және сол жағындағы төменгі ілгіштердің екеуін де [1] саңылаумен қақпақшалар жиегінің үстіңгі ұшына кіргізе отырып [3] енгізіңіз.
- ▶ Жоғарғы созылғыш ілмектің екеуін де [4] жеңіл ғана ішке қарай итеріңіз [Көрсеткіш].
- ▶ Артқы бөлікті [1] тиісті орнына қарай ілмектің екеуі де тез босауы керек.



Сурет 22 Logamatic 4000 берік бұрап бекіту

- [1] Артқы бөлік
- [2] Бұрандалар
- [3] Қақпақшалар жиегі
- [4] Қозғалмалы ілмектер
- [5] Ілмектер
- [6] Артық бөлігі

5.6.9 Сыртқы құрамдастарды жалғау

Қазанның реттегіш құрылғысындағы қысқыштарды байланыстыру планкасы сыртқы электрлік компоненттерге арналған әр түрлі байланысу тетіктерімен жабдықталған.

ҚАУІП: Электр тогын қосу өмірге қауіпті!


- ▶ Жылыту құрылғысына ток келіп тұрмағанына назар аударыңыз.
- ▶ Дұрыс емес жалғанған кабельдер құрылғыны пайдалану кезінде қауіпті салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін.

5.6.10 Желілік байланысты орнату

- ▶ Реттегіш құрылғыдағы желілік байланысты тиісті қосу схемасы бойынша орнатыңыз.

5.6.11 Қазандағы температураны реттегішті алмастыру

- ▶ Қазандағы температураны реттегішті (→ 23 суреті, [1]) тегігімен жаңа түймешікке ауыстырыңыз [2].



Сурет 23 Қазандағы температураны реттегішті тетікке алмастыру

- [1] Қазандағы температураны реттегішті тетікке
- [2] Штифт

5.6.12 Үстінен жабатын және қазанның артқы жабуын орнату




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Ластану құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін!

Егер қазан орнатылмаған болса және эксплуатацияға енгізілмеген болса, келесілерге назар аударыңыз: Қазан қосылымдарын ластанудан қорғау үшін:

- ▶ Қосылымдарын жабыңыз.


- ▶ Қысқыш қабын [2] реттегіш құрылғыға [1] кигізу керек.
- ▶ Қысқыш қабын реттегіш құрылғыға берік бекіту керек.



Сурет 24 Қысқыш қабын кигізу

- [1] Реттегіш құрылғы
- [2] Қысқыш қабы

- ▶ Артқы қазан қақпағын қаптамамен бірге алдыңғы қақпақ астына енгізіңіз және астына қарай басыңыз (→ 25 суреті).
- ▶ Қазанның артқы қақпағын артқы бөлікке бұрап бекітіңіз.



Сурет 25 Қазанның артқы қақпағын орнату

6 Қолданысқа енгізу

- ▶ Баяндалған жұмыс түрлерін орындаған соң іске қосу хаттамасын толтырыңыз (→ 6.7 бөлімі, 31-бет).



ҚАУІП: Қондырғы ашық тұрған кезде электр тогын қосу өмірге қауіпті! Қондырғы ашық тұрған кезде электр тогын қосу өмірге қауіпті!

- ▶ Қазанды ашпас бұрын: қондырғының апаттық сөндіргішінің көмегімен жылыту қондырғысын токтан ажыратыңыз және үй кірісінің сәйкес сақтандырғышы көмегімен жылыту қондырғысын электр желісінен өшіріңіз.
- ▶ Жылыту қондырғысын байқаусызда қайта қосылуына жол бермеіз.



ҰСЫНЫС: Көп мөлшердегі шаң мен тозаңнан қазан зақымдалуы мүмкін!

- ▶ Қазанды қатты шаң басқан, мысалы, құрылыс жұмыстары жүріп жатқан бөлмеде пайдалануға болмайды.
- ▶ Ауа ағынында шаң (мысалы, көшелер мен жолдар шаңы немесе тас сындыру орындары мен шахталардан шыққан шаң) немесе тозаң көп болған жағдайда ауа елегін орнатыңыз.



ҰСЫНЫС: Жануға арналған ауаның ластануына байланысты қазанның зақымдануы!

- ▶ Жайда хлорлы жуғыш заттар мен галлогенді көмірсутекті заттарды пайдалануға болмайды, мысалы, баллонды, тазартқыш және жуғыш заттар, бояулар, желімдер.
- ▶ Бұл заттарды қондырғы орналасқан бөлмеде қолдануға және сақтауға болмайды.

- ▶ Құрылыс шараларында шаң басқан жанарғыларды пайдалану алдында тазарту керек.
- ▶ Пайдаланылған газ құбырын, сонымен бірге желдеткіш пен ауа ағынымен қамтамасыз ететін қондырғыларды тексеріңіз. (→ 3.4 бөлімі, 13-бет).

Адам өміріне қауіпті жағдайлардың алдын алу

- ▶ Іске қосу алдында келесі қауіпсіздік нұсқауларын оқыңыз.



ҚАУІП: Пайдалануға арналған келесі нұсқауларды орындамау мен салғырттық салдарынан туындайтын адамның өміріне қауіпті жағдайлар!

- ▶ Осы нұсқауларды орындамау өрттің шығуына немесе жарылыстың пайда болуына әкеп соғуы мүмкін. Заттардың зақымдануы мен адам өміріне нұқсан келуі осының салдары болып табылады.
- ▶ Пайдалану нұсқауларын есте сақтаңыз!



ҚАУІП: Тұтанғыш газдардың жарылуы өмірге қауіпті! Газдың иісі шыққан жағдайда жарылыс пайда болуы мүмкін!

- ▶ От жағуға болмайды.
- ▶ Темекі шекпеңіз.
- ▶ Ұшқын шығуына жол бермеңіз.
- ▶ Электр қосқыштарды, сонымен қатар, телефон, штекер немесе қоңырауды қолдануға болмайды.
- ▶ Негізгі бекіту кранын немесе газ кранын жабыңыз.
- ▶ Терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- ▶ Үй тұрғындарын ескеріңіз.
- ▶ Ғимараттан шығыңыз.
- ▶ **Ғимараттың сыртында** газ қызметі, арнайы мамандандырылған мекемелер немесе өрт сөндіру қызметіне хабарлау керек.



ҚАУІП: Құрылғының су болуы өмірге қауіпті!

- ▶ Егер құрылғының бір бөлігі суда қалса, оны пайдалануға болмайды.
- ▶ Құрылғыны сервистік қызмет бөлімінің білікті маманы арқылы тексеріңіз.
- ▶ Реттегіш құрылғының, сонымен бірге газ арматурасының суланған бөліктерін білікті техник маманға алмастырту керек.

6.1 Газ көрсеткіштерін жазып алу

- ▶ Жауапты газбен қамтамасыз ету кәсіпорнынан (GVU) газ сипаттамаларын (Воббе индексі және жұмыс жылу шығару қабілеттілігі) сұраңыз.

6.2 Жылыту құрылғысын толтыру және ауадан босату

- ▶ Жылыту қондырғысының қосымша бағындағы қысымды тексеріңіз.
- ▶ Қажет жағдайда тоқтатыңыз. Қазан жылыту контуры тарапынан бос болуы керек. Кеңейткіш түтікшенің қысымы статистикалық қысымға (Құрылғы биіктігі түтікшенің орта бөлігіне дейін), кемінде 0,5 бар болуы тиіс. Толық есеп DIN 4807 көрсетілген.




Қазанды ауадан босату үшін жылыту құрылғысының әр бөлігі өзінше тазартатын мүмкіншілікке ие болуы тиіс. Кейбір жағдайларда ауадан босатудың қосымша мүмкіншіліктерін қарастыру қажеттілігі туындайды.

- ▶ Су жылыту жағындағы аралас және құлыптау бұрандаларын ашыңыз.
- ▶ Су толтырылған шлангті құю және ағызу клапанына жалғау керек.
- ▶ Құю және ағызу клапанын ашыңыз.
- ▶ Су құбырының шүмегін баяу ашыңыз.
- ▶ Жылыту құрылғысын ақырын толтырыңыз. Толтыру кезінде қысым көрсеткішін бақылаңыз.



Қалыпты ауа қысымы 1,0-1,5 барды құрайды.

- ▶ Қысым деңгейі 1,5 барға жеткенше, жылыту құрылғысын толтырыңыз.




Сурет 26 Жабық қондырғыларға арналған манометр

- [1] Қызыл түсті көрсеткіш
- [2] Манометр көрсеткіші
- [3] Жасыл түсті таңба



Жылыту құрылғысын толтырған соң ауадан босату міндетті, себебі жылыту құрылғысындағы ауа ең жоғарғы пунктке жиналады.

- ▶ Су құбыры мен құю және ағызу клапанын жабыңыз.
- ▶ Жылыту қондырғысын жылытқыштың ауа клапандары арқылы ауадан босатыңыз. Мұны ғимараттың ең төменгі қабатынан бастау керек.



Сурет 27 Жылытқышты ауадан босату

- ▶ Ауаны шығару бұрандасын қайтадан берік бекітіңіз.
- ▶ Қысымды тағы да тексеру керек.

Қысым 1,0 бардан төмен болған жағдайда:

- ▶ Қажетті қысымға жеткенше толтыруды қайталаңыз.
- ▶ Шлангіні ажыратыңыз.
- ▶ Шланг ұшын ажыратып алып, сақтап қою керек.
- ▶ Бастиекті бұранда.



Бұрандалар мен (автоматты) ауадан босату тетіктерінің жанында ауа көпіршіктерінің пайда болуы жылыту құрылғысындағы қысымның төмендеуіне әкеліп соғады. Жаңа су құрамындағы оттегі де біраз уақыттан соң жылу суынан бөлініп шығады.

- ▶ Қысым көрсеткішін құрылғыны іске қосу хаттамасына енгізу керек (→ 6.7 бөлімі, 31-бет).

Жылыту құрылғысын жиірек толтыру қажеттілігі туындаса, өткізгіштік қасиетінің төмендеуі мен кеңейткіш түтікшесінің ақаулығына байланысты су шығындалуы мүмкін.

- ▶ Себепті дереу жою қажет.

6.3 Тексеру және өлшеу

6.3.1 Газ тығыздығын тексеру

- ▶ Газ құбырын алғаш рет пайдалану алдында сыртқы тығыздықты тексеру қажет.
- ▶ Тығыздықты тексеру нәтижесін іске қосу хаттамасында растау керек.



ҚАУІП: Жанғыш газдардың жарылуы өмірге қауіпті! Пайдалануға бергеннен кейін және техникалық қызмет көрсеткеннен кейін магистральдер мен кесік қосылымдарында ағындар пайда болуы мүмкін.

- ▶ Тығыздықты тексеру жұмыстарын дұрыс жүргізіңіз.
- ▶ Тесіктерді анықтау үшін тек арнайы заттарды пайдаланыңыз.



ҰСЫНЫС: Электр тогының қысқа мерзімге тұйықталуы құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін!

- ▶ Қауіпті жерлерді тесіктерді тексеру жұмысын бастау алдында жабыңыз.
- ▶ Затты кабель жолына, штекер немесе электрлік байланыс құбырларына шашуға немесе төгуге болмайды.

- ▶ Газ тетігін ақырын ашыңыз.
- ▶ Тікелей газ арматурасында жаңа құбыр бөлігінің тығыздығын тексеру үшін көбікті құралды пайдалану керек. Газ арматурасындағы тексеру қысымы 150 мбардан аспауы керек.

6.3.2 Газ құбырын ауадан босату

- ▶ Газ кранын жабыңыз. Газ кранын жабыңыз.
- ▶ Өлшем ниппелінде [1] қақпақшаны сәл ысырып (газ қосу қысымы), шлангіні орнатыңыз.
- ▶ Газ тетігін ақырын ашыңыз.
- ▶ Шыққан газды факелде жағыңыз.

Ауа шықпаған жағдайда:


- ▶ Газ кранын қайтадан жабыңыз.



ҚАУІП: Жанғыш газдардың жарылуы өмірге қауіпті!

- ▶ Қолданған өлшеуіш ниппелімен тығыздықты өлшеу!

- ▶ Шлангіні алып тастау және өлшеуіш ниппельдегі бекітетін бұранданы (газ қосу қысымыз) қайта кіргізу.



Сурет 28 Газ құбырын ауадан босату

- [1] Өлшеуіш ниппелі

6.3.3 Ауа ағынын қосып, байланыс қондырғыларын бақылаңыз

Келесі пункттерді тексеріңіз:

- Газ құрылғысын пайдалану нұсқауындағы көрсетілген талаптар ескерілді ме?
- Таза ауаны беру және пайдаланылған газды шығару саңылаулары жергілікті ережелерге және газ жабдығын монтаждау бойынша ережелерге сәйкес келеді ме?
- Пайдаланылған газ құбырын жалғау жергілікті ережелерге сәйкес пе?



ҚАУІП: Улану қаупі бар!

Таза ауаның жеткіліксіздігі қауіпті газ ағынының жиылуына әкелуі мүмкін.

- Ауа келетін және шығатын тесіктердің кішірейіп немесе жабылып қалмауын қадағалаңыз.
- Ақау дер кезінде жойылмаған жағдайда, қазанды пайдалануға болмайды.
- Қондырғыны жеткізуші мекемеге табылған ақау мен қауіп туралы жазбаша түрде мәлімдеу қажет.

6.3.4 Құрылғы жабдықтарын тексеру

Жанарғы Н табиғи газымен жұмыс істеу үшін реттелген күйінде жеткізіледі (→ 25 кестесі, 26-бет).




Жанарғы үшін тек сәйкес газ шүмектерін қолданыңыз (→ 24 кестесі).

- Қажеттілік туындағанда газды ауыстыру қажет (→ 10 бөлімі, 41-бет).

Қазан өлшемі	Форсункалар саны	Негізгі газ форсункаларының сипаттамасы		
		Табиғи газ Н (G20)	Сұйылтылған газ Пропан (G31)	Сұйылтылған газ В/Р (G30)
38-5	3	360	225	210
44-5	3	360	245	225
50-6	4	360	225	210
55-6	4	350	235	220

Кесте 24 Негізгі газ форсункалары

- Уәкілетті газбен қамтамасыз ету кәсіпорнынан жеткізілетін газ түрі туралы анықтаңыз.
- Жеткізілетін газ түріне қандай негізгі форсунка сәйкес келетіндігін анықтаңыз (→ 24 және 25 кестелері, 26-бет).
- Негізгі форсунканың анықтамасы 24 кестесіне, 26-бетіне сәйкес келетіндігін анықтаңыз. Қажеттілік туындағанда газды ауыстыру қажет (→ 10 бөлімі, 41-бет).



Сурет 29 Негізгі газ форсункаларын бақылау

[1] Негізгі газ фильеры

Ел	Газ түрі	Зауыттық реттеулер
BY, DZ, EE, LT, LV, PL, RU, UA	Н немесе Е табиғи газы (G20)	Жеткізілген бойда қолданысқа дайын. Газ арматурасы қондырылған және мөрленген. Воббе индексі 15 °C, 1013 мбар үшін: • 14,1 кВт/м³ үшін орнатылған • 11,4 - 15,2 кВт/м³ аралығында пайдалануға болады Воббе индексі 0 °C, 1013 мбар үшін: • 14,9 кВт/м³ үшін орнатылған • 12,0 - 16,1 кВт/м³ аралығында пайдалануға болады
BY, PL, RU, UA	Сұйытылған газ Пропан Р (G31)	Ауыстырған соң, (→ 10 бөлімі, 41-бет) Пропанға арналған.
KZ	Е (G20)	

Кесте 25 Зауыттық реттеулер

6.3.5 Оттықтарды қосу



- ▶ Реттегіш қондырғыны қондыру және қызмет көрсету нұсқаулығындағы қосымша мәліметтерді назарға алу керек.

Реттегіш қондырғыны іске қосқанда жанарғы автоматты түрде қосылады. Жанарғыны реттегіш құрылғыдан да іске қосуға болады.


- ▶ Қосу/Өшіру түймесін [1] **I** (қосулы) күйіне орнатыңыз.

Автоматты реттеу кезінде:

- ▶ Қазандағы ауаны реттегішті [2] **AUT** (автоматты іске қосу) күйіне орнатыңыз.


Тұрақты реттеу кезінде:

- ▶ Қазандағы ауаны реттегішті [2] қажетті температураға ($> 65^{\circ}\text{C}$) орнатыңыз.



Сурет 30 Реттегіш құрылғыда жылыту қондырғысын қосыңыз (Logamatic 2000)

- [1] Қосу/өшірутүймесі
- [2] Қазан температурасын реттегіш



Сурет 31 Реттегіш құрылғыда жылыту қондырғысын қосыңыз (Logamatic 4000)

- [1] Қосу/өшірутүймесі
- [2] Қазан температурасын реттегіш

Жылыту қондырғысы толығымен іске қосылады.

- ▶ Газ тетігін ақырын ашыңыз.

Ақау:


Ескерту шамдары [1] жанған жағдайда:

- ▶ Қосу тетігін басыңыз.



ҰСЫНЫС: Қосу түймесін жиі басу құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін!
Қосу тетігін жиі басу жанарғының зақымдануына әкелуі мүмкін.

- ▶ Бастапқы күйіне келтіру түймесін ең көбі 3 рет бірінен кейін бірін басу керек.



Сурет 32 Түйме/Шам

- [1] Қосу тетігі


Реттегіш құрылғының дисплейі жылыту құрылғысының зақымдалуын көрсетеді. Реттегіш құрал нұсқаулығында ақаулар жайлы қосымша ақпараттар берілген.

Егер жанарғы түймені 3 рет басқаннан кейін іске қосылмаса:

- ▶ 11 бөлімінде, 44-бетте берілген мәліметтерді ескеріңіз.

6.3.6 Газ қосымша қысымын тексеру

- ▶ Газ қосымша қысымын жанарғыны қосқанда өлшеңіз.
- ▶ Қажеттілік туындағанда қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **0** (өшірулі) күйіне орнатыңыз.
- ▶ Газ кранын жабыңыз. Газ кранын жабыңыз.
- ▶ Кемінде 2 айналым шығыршығының бұрандасын ашыңыз.
- ▶ Газ қосылымы және ауа шығару қысымы үшін өлшеу ниппелінде [1] қақпақшаны 2 айналымға бұраңыз.
- ▶ Қысым өлшегіш құралын **0** күйіне орнатыңыз.
- ▶ Газ қосылымы және ауа шығару қысымы үшін манометрдің плюс ұясын өлшегіш ниппелі [1] бар шланг арқылы жалғаңыз.
- ▶ Газ тетігін ақырын ашыңыз.



Сурет 33 Газ қосымша қысымын өлшеу

- [1] Өлшеуіш ниппелі

- ▶ Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **I** (қосу) күйіне орнатыңыз.
- ▶ Газдың динамикалық қысымын өлшеп, оның мәндерін іске қосу бойынша протоколына енгізіңіз (→ 6.7 тарауы, 31-бет).
- ▶ Газ кранын жабыңыз. Газ кранын жабыңыз.



ҚАУІП: Жанғыш газдардың жарылуы өмірге қауіпті!

- Қолданған өлшеуіш ниппелімен тығыздықты өлшеу!

- Өлшеу шлангін ажыратыңыз.
- Өлшем ниппелінде қақпақшаны қайта бұраңыз.



Қажетті қысым деңгей көрсеткішіне жетпеген жағдайда (→ 26 кестесі), мүдделі газбен жабдықтау мекемесіне хабарласыңыз.

- Қысым деңгейі өте жоғары болған жағдайда газ арматурасының алдына газ қысымын реттегіш құралды орнатыңыз.

Ел	Газ түрі	Газ қосылымының қысымы		
		Минималды [мбар]	Кесімді [мбар]	Максималды [мбар]
BY, DZ, EE, LT, LV, RU, UA	Табиғи газ Н (G20)	10 ¹⁾	20	25
BY, RU, UA	Сұйылтылған газ Р Пропан (G31)	42,5	50	57,5
KZ, PL, RU, UA	Сұйылтылған газ Р Пропан (G31)	25	37	45
KZ	Табиғи газ Н (G20)	8	20	25
PL	Табиғи газ Н (G20)	17	20	25

Кесте 26 Газ түрлері және қосылым қысымы

- 1) Газ қысымын бақылау құралын қолдану барысында құрылғыны ≤ 10 мбар қысыммен қысқа уақыт іске қосуға болады.

6.3.7 Пайдалану кезінде тығыздықты тексеру жұмыстарын жүргізу



ҚАУІП: Жанғыш газдардың жарылуы өмірге қауіпті! Пайдалануға бергеннен кейін және техникалық қызмет көрсеткеннен кейін магистральдер мен кесік қосылымдарында ағындар пайда болуы мүмкін.

- Тығыздықты тексеру жұмыстарын дұрыс жүргізіңіз.
- Тесіктерді анықтау үшін тек арнайы заттарды пайдаланыңыз.

- Қажеттілік туған жағдайда қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **I** (қосу) күйіне орнатыңыз.
- Реттегіш құрылғыны қолмен басқаруға немесе тазарту функциясына орнатыңыз.
- Қазандағы температураны реттегіште максималды температура көрсеткішін белгілеңіз.




ҰСЫНЫС: Электр тогының қысқа мерзімге тұйықталуы құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін!

- Қауіпті жерлерді тесіктерді тексеру жұмысын бастау алдында жабыңыз.
- Затты кабель жолына, штекер немесе электрлік байланыс құбырларына шашуға немесе төгуге болмайды.

- Жанарғы жұмыс істеген кезде көбік тудыратын құралдардың көмегімен жанарғының газ тракті бойынша барлық герметизация орындарын (мысалы, өлшеу ниппелі, шүмектер, кесу қосылыстары) тексеріңіз.

6.3.8 Өлшеу көрсеткіштерін қабылдау

- Пайдаланылған газ құбырындағы өлшеу орнын [1] белгілеңіз. Электр ток қорғанысының көлемі пайдаланылған газ құбырының екі есе диаметріне (AA) сәйкес болуы тиіс. Егер пайдаланылған газ құбыры ток қорғанысынан соң тікелей жалғанса:
 - Бүктелген жердің алдында өлшеу керек.
 - Газ құбырындағы өлшеу орнын [1] қазан жағынан белгілеу керек. Ол үшін шығатын газ құбырында диаметрі 8 мм тесік тесіңіз.



Сурет 34 Газ құбырындағы өлшеу орны

[1] Өлшеу орны

- Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **0** (өшіру) күйіне орнатыңыз.
- Кемінде 2 айналым шығыршығының бұrandасын ашыңыз.
- Газды өлшеу құрылғысын өлшеу орнына жалғаңыз.
- Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **I** (қосу) күйіне орнатыңыз.
- Реттегіш құрылғыны қолмен басқаруға немесе тазарту функциясына орнатыңыз.
- Қазандағы температураны реттегіште максималды температура көрсеткішін белгілеңіз.
- Өлшеу орнында [1] келесі өлшеу жұмыстарын жүргізіңіз:
 - Ағын қысымы
 - Пайдаланылған газ шығыны
 - CO үлесі

6.3.9 Ағын қысымы

Біз 3 Па (0,03 мбар) және 5 Па (0,05 мбар) арасындағы бағалауды ұсынамыз.



ҚАУІП: Пайдаланылған газ шыққан кездегі улану қаупі!

- Эксплуатациялау кезінде қазанды көрсетілген қысыммен қамтамасыз ететін түтін құбырларымен немесе газ шығару қондырғыларымен ғана пайдалануға болатынына көз жеткізіңіз.



Жоғары қысым жылудың шығындалуына жол бермейді. Сонымен қатар пайдаланылған газ шығынын өлшеу барысында қате өлшеулер жасалуы мүмкін. $> 10 \text{ Па}$ ($0,1 \text{ мбар}$) көрсеткішінде біз жанама ауа қондырғысын орнатуды ұсынамыз.

6.3.10 Пайдаланылған газ шығыны

Шығатын газдармен жоғалатын жылу $\leq 9\%$ мәнінен аспауы керек.

Жоғары көрсеткіштер қате өлшеулерді немесе қазанның немесе жанарғының ластануын білдіреді.

► Өлшеу тәртібін тексеріңіз.

-немесе-

► Тазарту жұмыстарын жүргізіңіз (→ 9 бөлімі, 33-бет).

6.3.11 CO үлесі

CO үлесі ауадан бос жағдайда $\leq 400 \text{ бірл/млн}$ немесе $\leq 0,04 \text{ көл. \%}$ болуы тиіс.

Көрсеткіштер $> 400 \text{ бірл/млн}$ оттықтардың қате орнатылуы, газ оттықтарының немесе жылу алмастырғыштың ластануы немесе газ оттықтарында ақау бар екендігін білдіреді.

► Себепті анықтаңыз.

► Ақауларды жойыңыз. Ол үшін қазан қосылуы болуы тиіс.

6.3.12 Өлшеу жұмыстарын аяқтау

► Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **0** (өшіру) күйіне орнатыңыз.

► Газды өлшеу құрылғысын өлшеу орнынан ажырату және қақпақшаны қайта орнату керек.

6.4 Қызмет тексерістері

- Эксплуатацияға енгізу және жыл сайын тексеру немесе қажетінше техникалық қызмет көрсету кезінде барлық реттеу, басқару және қауіпсіздік құрылғыларының жұмыс қабілеті мен олардың реттеулерінің дұрыстығын тексеру қажет.
- Газ және су құрамдарының тығыздығын тексеріңіз.


6.4.1 Қорғаныс температура шектегіш құралын (STB) тексеру

► Реттегіш құрылғының құжаттарын ескеріңіз.

6.4.2 Иондану ағынын өлшеу

1. Ақауды үлгілеу:

- Қажеттілік туындағанда қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **0** (өшіру) күйіне орнатыңыз.
- Контакт қорғанысын [2] бақылау кабелінде [1] алып тастаңыз да, штекерлі ұяны ажыратыңыз.
- Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **I** (қосу) күйіне орнатыңыз.



Сурет 35 Жанау қорғанысын ажырату

[1] Бақылау кабелі


[2] Жанау қорғанысы

Шамамен 12 сек соң магнитті клапан ашылады (шертү дыбысынан белгілі).

Жанарғы 10 секундтан соң зақымдалу белгісін береді. Ескерту шамдары жанады.

2. Иондану ағынын өлшеу:

- Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **I** (қосу) күйіне орнатыңыз.
- Контакт қорғанысын [2] бақылау кабелінде алып тастаңыз да, штекерлі ұяны ажыратыңыз.
- Өлшем аспабын [1] бақылау кабелінің ажыратылған штекерлі қосылымының контактілеріне ретімен қосыңыз.
- Өлшеу қондырғысында [1] μA біркелкі ағын аймағын таңдаңыз.
- Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **I** (қосу) күйіне орнатыңыз.
- Өлшеу көрсеткішін құрылғыны іске қосу хаттамасына енгізіңіз (→ 6.7 бөлімі, 31-бет).



Сурет 36 Иондану ағынын өлшеу

[1] Өлшеу құрылғысы

[2] Жанау қорғанысы

- Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы **0** (өшіру) күйіне орнатыңыз.
- Өлшеу құрылғысын ажыратыңыз.

- ▶ Бақылау кабелінің [2] штекерлік қосылымын қайта қосыңыз.
- ▶ Жанасу қорғанысын [2] бақылау кабеліне орнатыңыз.
- ▶ Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы I (қосу) күйіне орнатыңыз.


6.4.3 AW 50 пайдаланылған газды бақылау жүйесін тексеру

- ▶ Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы I (қосу) күйіне орнатыңыз.
- ▶ Пайдаланылған газ температурасын сезгіш құралын [6] электрлік ток желісінен [3] ажыратыңыз.
- ▶ Реттегіш құрылғыны қолмен басқаруға немесе тазарту функциясына орнатыңыз.
- ▶ Қазандағы температураны реттегіште максималды температура көрсеткішін белгілеңіз.
- ▶ Пайдаланылған газ температурасын сезгіш құрал көрсеткен жоғары көрсеткішті [6] іске қосулы жанарғыдан газ ағыны ядросында ұстап тұрыңыз.

Газ жеткізу максимум 2 мин. соң тоқтатылады және жанарғы ажыратылады.

Жылу қажет болса бірнеше минут кідіргеннен кейін жанарғы автоматты түрде қайта іске қосылады.

- ▶ Пайдаланылған газ температурасын реттегішті [6] қайта орнатыңыз.



Сурет 37 Пайдаланылған газды бақылау жүйелері

- [1] AW 50 пайдаланылған газды бақылау жүйесі
- [2] AW 10 пайдаланылған газды бақылау жүйесі
- [3] Ағынмен қамтамасыз ету
- [4] Блоктан шығару тетігі
- [5] Қорғаныш қақпақ
- [6] Газ температурасын реттегіш

6.4.4 AW 10 пайдаланылған газды бақылау жүйесін тексеру

- ▶ Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы I (қосу) күйіне орнатыңыз.
- ▶ Реттегіш құрылғыны қолмен басқаруға немесе тазарту функциясына орнатыңыз.
- ▶ Қазандағы температураны реттегіште максималды температура көрсеткішін белгілеңіз.
- ▶ Пайдаланылған газды бақылау жүйесін [2] электрлік ток желісінен ажырату.
- ▶ Пайдаланылған газ температурасын сезгіш құрал көрсеткішін [6] іске қосулы жанарғылардан газ ағыны ядросында ұстап тұрыңыз.

Газ жеткізу максимум 2 мин. соң тоқтатылады және жанарғы ажыратылады.

- ▶ Пайдаланылған газды бақылау жүйесін [2] қайта орнатыңыз.
- ▶ Шамамен 2 минуттан соң қалпақшаны [5] алып тастау керек.


- ▶ Құлыптан босату тетігін [4] басыңыз.
- ▶ Қақпақшаны қайта орнатыңыз.
- ▶ Қазанды реттегіш құрылғының ажыратқышы арқылы I (қосу) күйіне орнатыңыз.

6.4.5 Пайдаланылған газдың ағынын бөгеу клапаны (қосымша жабдық)

Жылу сұралған кезде ПГ бітеу клапаны [1] АШУ күйіне өтуі керек.

- ▶ Орнату білігін жылжыту арқылы функцияны тексеріңіз.

Жанарғы тек ПГ бітеу клапаны АШУ күйіне өткеннен кейін ғана іске қосыла алады.




Сурет 38 Пайдаланылған газды бітеу клапаны "ЖАБУ" күйінде

- [1] Пайдаланылған газдың ағынын бөгеу клапаны
- [2] Бекітіп тұратын тетік

6.5 Ақырғы жұмыстар

Қазанның алдыңғы бөлігін орнату

- ▶ Қазанның алдыңғы бөлігін [2] енгізіңіз.
- ▶ Қорғаныс бұрандасын [1] солға және оңға қарай бұраңыз.
- ▶ Қазанның бір жағына көрнекі жерге техникалық құжаттар жинақталған сөмкені орналастырыңыз.



Сурет 39 Қазанның алдыңғы бөлігін орнату

- [1] Қорғаныс бұрандалары
- [2] Қазанның алдыңғы бөлігі

6.6 Кәсіпкерді хабардар етіңіз және техникалық құжаттарды тапсырыңыз

- ▶ Кәсіпкерді жылыту құрылғысымен және қазанның нұсқаулығымен таныстырыңыз.
- ▶ Іске қосуды хаттамада (→ 6.7 бөлімі, 31-бет) растаңыз.
- ▶ Кәсіпкерге техникалық құжаттарды беріңіз.

6.7 Іске қосу хаттамасы

► Атқарылған жұмыстардың күнін нақты көрсетіп, қол қойыңыз.

	Іске қосу жұмыстары	Бет	Өлшеу көрсеткіштері	Ескертулер
1.	► Жылыту құрылғысын толтырыңыз және қысымды тексеру жұмыстарын жүргізіңіз. – Жылыту құрылғысының қысымы	24	☐ _____ бар	
2.	► Газ көрсеткіштерін жазып алыңыз:: Воббе индексі Жылу көрсеткіші		_____ кВсағ/м ³ _____ кВсағ/м ³	
3.	► Газ тығыздығын тексеріңіз.	25	☐	
4.	► Газ құбырын ауадан босатыңыз.	25	☐	
5.	► Кіріс және шығыс ауа саңылауларын және байланыс қондырғыларын тексеріңіз.		☐	
6.	► Құрылғы жабдықтарын тексеріңіз (негізгі форсунка дұрыс па?). ► Қажеттілік туындағанда газды алмастырыңыз.	26	☐	
7.	► Реттегіш құрылғы мен жанарғыларды іске қосыңыз.	27	☐	
8.	► Газ қосымша қысымын өлшеңіз.	27	_____ мбар	
9.	► Пайдалану кезінде тығыздықты тексеру жұмыстарын жүргізіңіз.	28	☐	
10.	► Өлшеу көрсеткіштерін қабылдаңыз. – Ағын қысымы – Пайдаланылғын газ температурасы, брутто, t_A – Ауа температурасы, t_L – Пайдаланылғын газ температурасы, нетто, $t_A - t_L$ – Қос қышқылды көміртек құрамы (CO ₂) немесе оттегі құрамы (O ₂) – Пайдаланылған газ шығыны q_A – Ауасыз CO үлесі	28	_____ Па _____ °C _____ °C _____ °C _____ % _____ % _____ бірл/млн	
11.	Қызмет тексерістері – ► Қорғаныс температура шектегіш құралын (STB) тексеріңіз. – ► Иондану ағынын тексеріңіз. – ► Шығатын газ жабатын қақпағын тексеріңіз. – ► Шығатын газды бақылауды тексеріңіз.	29	_____ μA	
12.	► Қазанның алдыңғы бөлігін орнатыңыз.	30	☐	
13.	► Кәсіпкерді хабардар етіңіз және техникалық құжаттарды тапсырыңыз.	30	☐	
14.	Орнатылған қондырғыны білікті пайдалану		Қолы: _____	


Кесте 27

7 Жылыту қондырғысын ажырату

7.1 Жылыту қондырғысын реттегіш қондырғы арқылы ажыратыңыз


- ▶ Жылыту қондырғысын реттегіш қондырғы арқылы ажыратыңыз.
- ▶ Реттегіш құрылғыдағы Қосу/Өшіру түймесін **0** (Өшіру) күйіне қойыңыз.

Жанарғы автоматты түрде бірге өшеді.



Сурет 40 Жылыту қондырғысын өшіру (Logamatic 2000)

[1] Қосу/өшірутүймесі



Сурет 41 Жылыту қондырғысын өшіру (Logamatic 4000)

[1] Қосу/өшірутүймесі

